

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Қазақстан қор биржасы



2011

Нарықтың келесі көрсеткіштеріне қол жеткізілді (миллиард доллармен):

акциялар нарығының капиталға айналуы:

43,3

жылдың соңындағы эмитенттердің жалпы саны:

112

сауда-саттықтардың жалпы көлемі:

201,0

- акциялармен: 1,1
- облигациялармен: 2,0
- мемлекеттік облигациялармен: 7,7
- репо операциялары бойынша сауда-саттық көлемі: 84,0
- шетелдік валютамен сауда-саттық көлемі: 106,2
- фьючерстермен сауда-саттық көлемі: 20 миллион доллар

Қысқаша қаржылық қорытындылар (миллион доллармен):

меншікті капитал:

15,7

операциялық табыстар:

7,5

операциялық шығындар:

6,1

таза пайда:

1,1

Даму стратегиясы бойынша бірінші есептік жылда келесі жобаларға басты назар аударылды:

- сауда-саттық жүйесінің FIX-шлюзі;
- сауда-саттыққа қашықтықтан қол жеткізу;
- резидент емес тұлғалардың мүшелігі және орталық контрагент;
- оқулық сауда-саттық жүйесі;
- STrade интернет-трейдингінің жүйесі.

Мазмұны

KASE Президентінің үндеуі	4	Биржаның жобаларын және дамуын жүзеге асыру туралы есеп берушілік	23
Нарық конъюктурасына қысқаша шолу	5	Сауда-саттықтар мен есеп айырысулар	23
Қаржылық есеп	10	Толық алдын-ала депозитке салумен T + 0 есеп айырысу жүйелерін енгізу	23
2011 жылғы қаржылық қорытындылар	10	T + n есептесулері жүйелерін өзірлеу	24
Биржа тобының активтері және міндеттемелері	10	„Халықтық IPO“ өткізуге дайындық	24
Биржа тобының капиталы	11	Мерзімді нарық	25
Биржалық топтың кірістері және шығындары	11	Технологияларды дамыту	25
Биржаның қаржылық көрсеткіштері	14	Транзакциялық FIX-шлюз	25
Биржаның еншілес компанияларының қаржылық нәтижелері	14	Интернет-трейдинг	26
Қаржылық есеп берушілік және аудиторлардың қорытындысы	16	Эмитенттері бар электрондық құжатайналым	26
Жетекшіліктің жауапкершілік туралы мәлімдемесі	16	Өтімділікті тарту	27
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	17	Маркет-мейкерлер институтын жаңарту тұжырымдамасы	27
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	18	Маркетингтік саясат	28
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп берушілік	19	KASE Оқу сауда-саттық жүйесі	28
Капиталдың өзгеруі туралы шоғырландырылған есеп берушілік	20	Биржалық ақпаратты ілгерілету	28
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп берушілік	21	Жеке офистік ауданды сатып алу	29
		Халықаралық қызмет туралы есеп	30
		Бірлескен дамудың негізгі мәселелері туралы есеп	33
		Дамуды жоспарлау	33
		Ішкі аудит	33
		Тәуекелдерді басқару	33
		Глоссарий	34

KASE Президентінің акционерлерге және нарық қатысушыларына үндеуі

Құрметті ханымдар мен мырзалар! Есептік жыл – KASE жаңа стратегиясының алғашқы жылы.

Өткен үш жылдың ішінде KASE дамуы реттегіштермен тығыз ынтымақтастықта болды. Біз дағдарыстан сабақ алдық. Сол кезеңдердің ең ірі жобалары – тікелей репо нарығындағы „mark-to-market“ жүйесі, ресми тізімнің буферлік санаты, тәуекел-менеджменттің заманауи жүйесін іске қосумен KASE мерзімдік нарығын „қайта жүктеу“, мәмілелерді орындамаудың жоғары пайызына қатысты Биржаның жауабы ретінде есептік жылы ендірілген бағалы қағаздар мен ақшаны алдын ала толығымен депозитке салумен T+0 сызбасы бойынша есеп-айырысу жүйелерін өзірлеу болып табылады. Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит қызметтері құрылды, Биржа қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша негізгі шешімдер қабылданды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде KASE 2011–2013 жылдарға арналған даму стратегиясын өзірлеуге өтуге және үш жылдық Стратегиялық жоспарды іске асыруға мүмкіндік алды. Осы құжаттардағы негізгі акцент, биржада саудаланатын, қаржы құралдарының өтімділігін арттыруға бағытталған.

Инвесторлық базаны қалыптастыруға жаңартылмаған тәсілдемесіз және саудаланатын құралдардың тізімін кеңейтудің осы мақсатқа қол жеткізу мүмкін еместігін түсініп, біз 2011 жылы стратегиялық жобаларға жұмылдырдық, біздің пікіріміз бойынша оларды іске асыру биржада жұмыс істейтін

инвесторлардың саны мен географиясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде:

- Биржаның инвесторлық базасының өлеуетін едәуір кеңейтетін, FIX биржалық деректер хаттамасын қамтамасыз ететін кез келген сауда терминалдары қосылуға мүмкіндік беретін, шлюздарды пайдалануға беру;
- KASE сауда-саттығына инвесторлардың қашықтан кіруін техникалық және әдіснамалық тұрғыдан пысықтау;
- тұжырымдамалық шешімер мен резидент еместердің Биржада қашықтан мүшелік ету жобалары және орталық контрагенттің қатысуымен есептесуі кейінге қалдырылған және ішінара қамтамасыз етілген ($n > 0$ болғанда, T+n) бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыру бойынша реттеушілермен өзара тығыз қарым-қатынаста болу;
- бөлшек сауда инвесторын оқыту арқылы оны нарыққа тарту құралы - оқу сауда-саттық жүйесін іске қосу;
- Электрондық сандық қолтаңбаны пайдалануға мүмкіндік беретін STrade Интернет-трейдинг жүйесін пайдалануға беру.

Биржа есептік жылы ерекше назар аударған екі жоба да – Алматы қаласында биржаның ұйымдастырушылық қолдауымен Еуро-азиялық биржалар федерациясының (FEAS) 17-ші Жыл сайынғы бас ассамблеясын, ілеспе шараларымен қосып өткізу, сонымен қатар „Халықтық IPO“ үкіметтік бағдарламасына қатысу осы мақсаттарды көздейді.



Қадыржан Қабдөшұлы Дамитов, „Қазақстан қор биржасы“ АҚ Президенті

Өкінішке орай, аталмыш жобалар есептік жылы Биржа кірістерінің өсімін қамтамасыз ете алмады. Себебі 2011 жылы нарық айтарлықтай қолайсыз жағдайларда жұмыс жасағанына байланысты, KASE сауда-саттығының көлемі 3,1% дейін төмендеді. Меншікті айналымының 20% жоғалтқан биржалық бағалы қағаздар нарығы үлкен күйзеліске ұшырады. Бұл жылдың қаржылық нәтижелеріне кері әсер етті. Бірақ, біз өз шығындарымызды оңтайландырып, 2011 жылғы

қорытынды бойынша алынған таза кіріс бекітілген бюджеттің тиісті көрсеткішін 54% арттырды.

2012–2013 жылдары Стратегиялық жоспарды үдемелі түрде орындауды жалғастыра отырып, біз маркетингтік белсенділікке назар аудармақшымыз және бағалы қағаздар нарығындағы биржалық айналымның төмендеу трендін өзгертуге тырысамыз. Дегенмен, барлығы биржаға байланысты болмағанымен, біз белгілі жетістікке қол жеткіземіз деп сенеміз.

Нарық конъюктурасына қысқаша шолу

Қазақстан 2011 жылы оң экономикалық нәтижеге қол жеткізді. Бірақ, әлемдік қаржы жүйесінің шиеленіскен проблемалары KASE биржалық нарығына кері әсерін тигізді.

Ғаламдық экономикадағы құрылымдық теңгерімсіздікті күшейту тұрғысында есептік жыл әлемдік нарыққа сеніммен қараушылыққа қол жеткізбеді. Егер 2010 жылы дағдарыстан кейін қалпына келтіру туралы тезис айтылып жатса, ал 2011 жылы көптеген қауым әлемдік дағдарыстың жаңа толқыны жайында айта бастады. Әлемдік экономиканың нақты көрсеткіштері төмендеді (1 сур.), көптеген елдер үшін несие беру құны өсті, ол экономикалық көрсеткіштерге тікелей әсер етті. Инвесторлар шығыннан қорғанудың немесе пайданы көбейтудің оңтайлы сызбасын іздеумен әртүрлі активтерге басты назар аударды.

Қазақстанның экономикасына күшті әсер ететін тауарлы-шикізаттық нарықтағы жағдайлар әртүрлі қалыптасты. Өнеркәсіптік металдардың бағалары негізінде теріс динамиканы көрсетті (2 сур.), Brent маркалы мұнайдың бағасы 14% артса, жылдың соңында бір

баррель үшін 108 АҚШ доллары көлемінде болды. Алтыннан басқа бағалы металдар бірқалыпты-теріс динамиканы көрсетті – есептік жылдың соңында ұзақ мерзімді келешекте ең қауіпсіз активтердің бірінің бағасы 10% артты және бір троя унциясы үшін 565 АҚШ долларын құрады. Осыған байланысты тарихи ең жоғары баға – бір унция үшін 1 900 доллар – 2011 жылғы қыркүйекте белгіленді.

Мұнайдың жоғары бағасын сақтау, тиімді монетарлық саясат және мемлекет тарапынан қолдаудың тиісті шаралары Қазақстанға өзінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді. Жоспарланған ЖІӨ өсімі 7,5%, жылдың соңында жұмыссыздық 5,4%, ал жылдық инфляция – 7,4%, Ұлттық банкімен белгіленген мақсатты коридор 6–8% құрады. Осы кезең ішінде кең мағынадағы ақша ағымының өсімі (М3) 15% құрады, айналымдағы ақша 19% артты, бұл өткен жылмен

салыстырғанда едәуір төмен болып саналады. Экспорттық түсімнің маңызды өсімі төлемдік теңгерімнің ағымдағы шотының сальдосын 14,1 млрд АҚШ доллары деңгейіне жеткізді (3 сур.), осыған орай капиталмен және қаржылармен операциялар шотының тапшылығы 8 млрд АҚШ долларына дейін артты, бұл негізінен Ұлттық банкінің маңызды портфельдік инвестицияларының арқасында мүмкін болды. 2011 жылы сауда-саттық балансы 47,3 млрд АҚШ долларды құрады және 65%-дық көбею деңгейін көрсетті. 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан 2010 жылдың шамамен 70% экспорттық түсіміне ие болды.

Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі 2011 жылғы қарашада республиканың кредиттік рейтингтерін арттырды. Шетел валютасында тәуелсіз кредиттік рейтинг „BBB+“ деңгейіне дейін, қысқа мерзімді рейтинг шетел валютасында – „А-3“ деңгейінен „А-2“ деңгейіне дейін көтерілді, қысқа мерзімді рейтинг „BBB“ деңгейінде расталды. Барлық

Валюта нарығында салыстырмалы операциялар бойынша KASE үлесі 72-ден 84% дейін өсті.

84%

USD/KZT

нарық айналымының

74,4%

Теңге долларға

+0,61%

номиналды тұрақтанды

KASE_BY Индексі:


+123 б.н.

– сауда көлемінің өсімі 9% болғанда

1-сурет


Соңғы жылдары әлемдік ЖІӨ өсімі, %

Дереккөзі: Bloomberg



2011 жылы металдар мен шикізаттар бағаларының өзгеруі, %

Дереккөзі: Bloomberg



Жыл қорытындысы бойынша KASE-ке айналымға жіберілген корпоративтік борыштың номиналды құны 40,1 млрд АҚШ долларын құрады

40,1

млрд USD

KASE Индексі:

35,7 %

– сауда көлемі 43,2% төмендегенде

Акциялар нарығының капиталға айналуы:

43,3

млрд USD

–28%

МБҚ қайталама нарығындағы саудасаттық көлемі:

–40 %

рейтинг бойынша болжам тұрақты күйінде қалды. Осылайша, Қазақстан Таиланд, Ирландия және Оңтүстік Африка елдерімен қатар, ТМД елдерінің арасында шетел валютасындағы рейтинг бойынша қайтадан бірінші орынды иемденді. Дәл сол айда Fitch агенттігі Қазақстан Республикасының рейтингтерін көтерді: міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді рейтинг шетел валютасында „BBB“ деңгейінен „BBB“ деңгейіне дейін, ұлттық валютада – „BBB“ деңгейінен „BBB+“ деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам „оң“ мәнге ие болды.

Валюта нарығындағы салыстырмалы операциялар бойынша экспорттық түсімді және KASE үлесін 2010 жылы 71,9%-дан – есептік жылы 83,9% дейін арттыруға қарамастан, 2010 жылмен салыстырғанда ЕДБ айырбасталатын биржалық операцияларының көлемі өзгерген жоқ, бұл өткен жылдың экспорттық түсімді арттыру ЕДБ шоттарындағы аккумуляцияланатын қаражаттардың өсіміне және шетел валютасымен операциялар көлемін арттыруға алып келетін заңдылығын бұзды.

2011 жылдың ішінде шетел валютасымен жасалған мәмілелердің мөлшері және күнделікті көлемі төмендеді, дегенмен KASE валюта нарығының мүшелер қатары „Метрокомбанк“ АҚ және „ВТБ Қазақстан Банкі“ АҚ ЕҰ толықты.

Теңгеге саудаланатын Ресей рублінің биржалық саудасаттықтарындағы жағдай, логикаға қайшы болды. Кедендік одақтың жұмысының басталуынан туындаған Ресеймен тауар айналымының маңызды өсіміне қарамастан, есептік жылдағы рубльмен KASE операциялар көлемі 2010 жылғымен салыстырғанда 9,4% төмендеді. KASE валюта айналымындағы рубльдің үлесі өзгерген жоқ және есептік жылдың қорытындысы бойынша 0,2% көтерілген жоқ. Доллар-теңге жұбы саудасаттық алаңындағы көшбасшы болып қалып отыр. Оның үлесі KASE шетел валюталары саудасаттығының көлемінен¹ 74,4% құрайды.

KASE валюта нарығында алыпсатарлық әлеует, теңгенің АҚШ долларына бағамының минималды құбылуына байланысты, бұрынғыдай төмен болды.

Дегенмен, есептік жылдың бірінші жарты жылдығында, ресей рублі секілді, теңгеде мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне байланысты долларға тұрақтану тенденциясы байқалды, ал жылдың екінші жартысында, Brent маркалы мұнай бағасының біртіндеп төмендеуінен кейін теңге құнсыздана бастады. Жалпы 2011 жылы әлемнің негізгі резервтік валютасына теңге бағамының ауытқуы бір АҚШ долларына есептегенде 145,81–148,43 теңгені құрады. Осыған байланысты, таңертеңгі сессияның орташа өлшенген бағамы бойынша номиналды мәніндегі долларға теңгенің құнсыздану деңгейі 0,61% құрады, (2010 жылы – 0,65%).

Экспортшылардың валюталық түсімінің өсіміне қарамастан, банктердің өткен жылғы жоғары өтімді қаржы құралдары 9% төмендеді, ал несиелік портфельдің өсімі 11% құрады. Бірақ банктік сектордың артық өтімділігін төмендету KASE ақша нарығына барынша әсер ету үшін жеткіліксіз болды. Жылдың соңында TONIA және TWINA индикаторлары сәйкесінше 68 және 66 базистік нүктеге

¹ Бұған, үлесіне нарықтың 25,4% тиесілі, аталған валюталық жұптар бойынша своп-операцияларды қосуға болады.

өсті (4 сур.), осы индикаторлар үшін бұл жұмыстық құбылу болып табылады, ал KazPrime индикаторлары бұрынғы деңгейде қалды, яғни жылдық 2,0% құрады. Осыған орай биржалық репо операцияларының көлемі 2010 жылмен² салыстырғанда іс жүзінде өзгерген жоқ.

Биржалық нарықта корпоративтік қарыздың мөлшерлемелері өсуге ынтық болды. KASE_BY индексі жылдың қорытындысы бойынша 123 базистік нүктеге өскендігін көрсетті (5 сур.). Бұл дағдарыстың жаңа толқынын күтуге байланысты қор нарығындағы, әсіресе, есептік жылдың екінші жартысындағы теріс әсерлермен, сонымен қатар KASE³ листингтік компания дефолттарының жалғасуымен, орташа және салыстырмалы төмен инвестициялық сапаға инвесторлардың қатынастарымен түсіндіріледі. KASE нарығында сатылатын корпоративтік облигациялар тізімі бір жылдың ішінде 6 қағазды жоғалтты, 238 дейін 2%-ға қысқарды, ал борыштық міндеттемелері биржада саудаланатын эмитенттер саны 76 бастап 71 дейін төмендеді. Осы сегменттегі инвесторлардың белсенділігіне қатысты есептік жылы корпоративтік облигациялардың сату көлемі 9% артқандығын


байқадық, бұған негізінен сенімді эмитенттердің міндеттемелерін сату есебінен қол жетті.

Үлестік бағалы қағаздар сегментіндегі инвесторлардың көңілі әлемдік қаржылық нарықтағы жағдайлармен заңды түрде белгілі еді. 2011 жылғы негізгі жағдайлар, олардың негізгісі еуропалық борыштық дағдарыстың күшеюі, АҚШ мемлекеттік борышпен проблемалары және Жапониядағы катастрофа қазақстандық нарықта да өз әсерін қалдырды. Есептік жылдың бір жарым айы ғана оң нәтиже берді. Ақпанның ортасынан бастап KASE индексі көбею жылдамдығымен төменге құлдырап, жылдың соңында ғана тұрақтанды. Жылдық қорытындысы бұл индикатордың 35,7% төмендеуі болды, ал 2010 жылы ол бар болғаны 2,8% құраған еді.

6 суретте көрсетілгендей, дамыған нарықтардың негізгі қор индекстеріне қарағанда, KASE индексі 2011 жылы негативті көріністі суреттеді. Бұл жайт әлемдік экономикадағы проблемалар көзі дамыған елдер болғанына қарамастан, орын алды. Мұның себебі KASE индексінің әлсіз диверсификациясы, оның өкілеттік тізімі бар болғаны жеті эмитенттің акцияларын құрайтынына

3-сурет

2010–2011 жылдары қазақстанның төлемдік балансы, тоқсан бойынша, млрд USD




байланысты. KASE ресми тізімінің қалған акциялары нөлдік өтімділікке тең. Жай акцияларының баға белгілеулері жылдың қорытындысы бойынша 12% артқан (7 сур.), телекоммуникация саласындағы ұлттық монополисті болып табылатын „Қазақтелеком“ АҚ басқа эмитенттер өздерінің акцияларының бағасы бойынша оң динамикамен қуанта алмады. Мұнай секторы – Қазақстан экономикасының негізі, ол „ҚазМұнайГаз“ Барлау Өндіру“ АҚ индексімен сипатталған, ол 2011 жылы ішкі қиындықтарды өткерді, және осы компанияның жай акциясының бағасы жыл қорытындысы бойынша 22%

төмендеді. Үш қазақстандық банктердің индексінде ұсынылған қаржы секторы жыл бойы бүкіл әлем бойынша айрықша теріс динамиканы көрсетті (8 сур.). „Банк ЦентрКредит“ АҚ, „Казкоммерцбанк“ АҚ және „Қазақстан Халық жинақ банкі“ АҚ жай акциялары бір жылдың ішінде тиісінше 59%, 50% және 43% жоғалтты. Өндіруші сектордағы компаниялар акцияларына – KAZAKHMYN PLC және Eurasian Natural Resources Corporation Plc (ENRC) – экспортқа шығарылатын шикізат бағасының және соңғы өнім бағасының төмендеуі негативті әсер етті, сонымен қатар ENRC инвесторларды

4-сурет

2011 жылғы Ақша нарығының индикаторы, %



² KASE нарығының барлық секторы бойынша толық статистикалық деректер осы есептің нақты материалдар кітабында берілген.
³ 2011 жылы негізгі қарыз немесе купондық төлемдер бойынша „Алматытемір“ АҚ, „Астана-Недвижимость“ АҚ, „Астана Газ Сервис“ АҚ, „Досжан темір жолы“ АҚ, „Қазақстан Қағазы“ АҚ, „Қарағанды асбест-цемент бұйымдары зауыты“ АҚ, „ЭКОТОН+“ АҚ, „АБДИ Компани“ АҚ дефолтқа жол берді.

5-сурет

2011 жылғы KASE_BY корпоративтік облигацияларының индексі, %

Дереккөзі: KASE



корпоративтік басқарудағы белгілі проблемалар алаңдатты. Нәтижесінде, аталмыш компаниялардың акциялар бағамы есептік жылы тиісінше 41% және 38% төмендеді.

KASE Индексінің барынша төмендеуі өтімділік төуекелін арттырып, қазақстандық ақша нарығынан инвесторлардың кетуін атап өтуге болады, бұл, көбірек дамыған алаңдарда орын алғандай нарықтың жылдам қалпына келуіне кедергі болды. KASE акцияларды сату көлемі 2010 жылмен салыстырғанда есептік кезеңнің бірінші жартысында жоғары болды. Индекстің төмендеуін жеделдету сауда-саттық көлемінің төмендеуімен байланысты болды, осының нәтижесінде 2011 жылдың қорытындысы бойынша KASE акциялар нарығы сауда-саттық көлемінің төмендеуімен жалғасты. Нәтижесінде 2011 жылдың қорытындысы бойынша акциялар нарығы өзінің айналымының 43,2% жоғалтты. Осыған орай осы сектордағы саудаланатын құралдардың мөлшері бұрынғыдай – 92, ал листингілік компаниялардың саны біреуге азайып, 67 болды, олардың жиынтық нарықтық құны есептік жылдың соңында (KASE акциялар нарығының капиталға

айналуы) 43,3 млрд АҚШ долларына баламалы болып, бір жылдың ішінде 28% төмендеді.


Сипатталған оқиғалардан MBҚ қазақстандық нарығы

шөт қалды. Мұндағы мөлшерлемелер тұрақты болды, себебі ЖЗҚ заңнамасындағы өзгерістердің әсерімен өздерінің портфельіндегі MBҚ үлесін көбейтті, сонымен

бірге Қаржы министрлігінің аукциондарында тұрақты жоғары сұранысты көрсетті. Аталмыш жағдай мультипортфельдік зейнетақы жүйесін енгізу алдында есептік жылдың соңында анығырақ байқалды, осыған сәйкес әрбір қор қолданыстағы инвестициялық портфельден консервативтік портфельді бөлуі тиіс болды. Пруденциалды реттеудің түзеулерімен қоса MBҚ қайталама нарығындағы белсенділіктің айтарлықтай төмендеуіне алып келді. Бұл ретте көзге түсетіні желтоқсан айындағы сауда-саттық көлемі жыл барысындағы ең минималды мәнге ие болды, ол 11,6 млрд теңгені құрады және өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатынасты 84%-ға төмендеді. Есептік кезеңде KASE қайталама нарығында MBҚ сауда-саттық көлемі, алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, шамамен 40%-ға төмендеді.

MBҚ нарығындағы аукциондардың жиынтықтық көлемі 674 млрд теңгені құрады, бұл 2011 жылы MEKAM орналастыру көлемінің Қаржы министрлігімен жоспарланған көлемінен 5% төмен болды. Осыған орай мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 2,1% дейін төмендеп, 576 млрд теңгені құрады (9 сур.)⁴.

9-сурет
Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, трлн теңге, ЖІӨ %




Дереккөзі:
Қаржы министрлігі

⁴ MBҚ түрінде шығарылған Қазақстан борышының құрылымы, сондай-ақ нарықтың осы сегментінің баға көрсеткіштері осы есептің нақты материалдар кітабында берілген.

6-сурет

2011 жылғы негізгі қор индекстерінің өзгеруі, %


Дереккөзі: Bloomberg



7-сурет

2011 жылғы KASE өкілдік тізімінің акциялар динамикасы, %


Дереккөзі: KASE



8-сурет

2011 жылғы Банктік сектордың акциялар динамикасы, %

Дереккөзі: Bloomberg



Қаржылық есеп

2011 жылғы⁵ қаржылық қорытындылар

Биржа тобының активтері және міндеттемелері

2011 жылы KASE тобы 162,1 млн теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2010 жылғы пайдадан 46,8 % төмен. Сонымен қатар KASE таза пайдасы жоспарлы көрсеткіштен 59,7 % жоғары болды.

Активтер

2 661,5 млн теңге
+ 440,4 млн теңге

+19,8%


2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE тобының жиынтықты активтері 2 661,5 млн теңгені құрап, бір жылдың ішінде 440,4 млн теңгеге (+19,8 %) артты. Осыған байланысты есептік жылы Биржа активтерінің құрылымы маңызды өзгерді. Алдыңғы кезеңдер ішінде екінші деңгейлі банктердің депозиттерінде орналастырылатын қаржы активтерінің бөлігі Биржамен

негізгі қорларды сатып алуға жұмсалған. 2011 жылғы 04 шілдеде Биржа қызметкерлерді орналастыру және жалға алу шығындарын барынша қысқарту мақсатында „Алматы Тауэрс“ көп функционалды кешендегі кеңсе бөлмелерін сатып алу бойынша мәміле жасасты. Нәтижесінде ақша қаражаттары және олардың баламасы бір жылдың ішінде 310,1 млн теңгеден (-86,3 %) бастап 49,3 млн теңгеге (барлық активтердің 1,9 %) дейін қысқарды, банктердегі қаражаттар 488,5 млн теңгеден (-45,6 %) 583,3 млн теңгеге дейін (барлық активтердің 21,9 %) қысқарды.

Активтер құрылымында жеті есеге – 224,8 млн теңгеге дейін – Биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелерді қарастыратын „пайдалануы шектелген, ақша қаражаттары“ бабы артты. Осы баптың маңызды өсімі көрсеткіш емес, себебі онда таңгерімді жасаған күні KASE корреспонденттік шоттарында орналастырылған Биржа мүшелерінің ақша қаражаттары көрсетіледі, бұл ретте осы сома міндеттемелерде де көрсетіледі. Егер 2010 және 2011 жылдардың соңында осы бапты активтерде ескермесе, есептік жыл 246,4 млн теңге немесе 11,24 % мөлшеріндегі Биржа активтерінің өсімімен сипатталады.

10-сурет

2011 және 2010 жылдардағы қызметтер және комиссиялар бойынша KASE тобының кірістер құрылымы



⁵ Мұнда және әрі қарай осы тарауда өзгесі көрсетілмеген болса, KASE аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржы есеп берушілігінің деректері қолданылады, ал салыстыру 2010 жылдың тиісті кезеңі бойынша беріліп отыр.

Биржа тобының капиталы

2010 жылдың қазанында Биржалық кеңес қабылдаған Биржаны қосымша капиталдау туралы шешім ҚҚК талаптарына сәйкес болу үшін Биржаға есептік жылы қажетті „беріктік қорын“ құруға, сонымен қатар сақтық қорларды қалыптастыру бойынша бірқатар маңызды жобаларды іске асыруға, сонымен қатар негізгі қорлардың кейбір бөлігін жаңартуға және резервтегі орталық ғимаратының құрылысын аяқтауға мүмкіндік берді.

2010 жылдың 09 желтоқсанында Биржалық кеңес KASE акционерлері 2010

жылы артықшылықпен сатып алу құқықтарын іске асырудан кейін орналастырылмаған Биржа акцияларын 2011 жылы қосымша орналастыру туралы шешім қабылдады. 29 956 жай акциялардың орналастырылуын аяқтау бір акция үшін 3 707 теңге бағасымен жүзеге асырылды, нәтижесінде Биржаның акционерлік капиталы есептік жылы 111,4 млн теңгеден (+27,3%) 517,3 млн теңгеге дейін артты.

2010 жылдың қорытындысы бойынша Акционерлердің жылдық Жалпы жиалысының шешімімен Биржаның жай акцияларына

бір акцияның бағасы 56 теңге есебімен 30,5 млн теңге (2010 жылы Биржаға түскен таза кірістің 10,0%) мөлшерінде дивидендтер есептелгендігін атап өту керек.

2011 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның меншікті капиталы 239,3 млн теңгеден (+11,5%) 2 328,9 млн теңгеге дейін көбейді. 2010 жылдағыдай, меншікті капиталдың көбеюі акционерлік капиталдың өсімі және мөлшері 131,6 млн теңгеге (+8,7%) көбейген және есептік жылдың соңында 1 647,1 млн теңгеге дейін жеткен бөлінбеген пайданың көлемі есебінен жүзеге асты.

Акционерлік капитал

+27,3%

бастап 517,3 млн теңгеге дейін артты.

Меншік капиталы

2 328,9 млн теңге
+ 239,3 млн теңге

Биржалық топтың кірістері және шығындары

Кірістер

Биржа қызмет көрсететін нарықтың барлық секторларында белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, („2011 жылдағы нарық конъюнктурасының қысқаша сипаттамасы“ тарауын қараңыз) KASE тобының қызметтері мен комиссиялары бойынша 2011 жылдағы кіріс

15,0 млн теңгеге (+1,5%) артып, 1 009,9 млн теңгені құрады (10 сурет). Осыған байланысты қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістің 83,2% мүшелік жарналарға, комиссиялық және листингтік алымдарға жұмсалды.

2011 жылы биржа тобының операциялық кірісінің

көрсеткіші алдыңғы жылдың көрсеткішінен 33,2 млн теңгеге (-2,9%) төмен болды және 1 114,1 млн теңгені құрады. Төмендеу Биржа кеңсе бөлмелерін сатып алғаннан кейін екінші деңгейлі банктердегі депозиттерде орналастырылған қаражаттардың көлемін азайту салдарынан, пайыздық кірістің 10,8 млн теңгеден (-10,1%) 95,5 млн теңгеге дейін қысқаруымен негізделді.

Мүшелік жарналар бойынша кірістер

Талданатын кезеңде мүшелік жарналар бойынша Биржаның кірістері 271,3 млн теңгеге жетті, соның ішінде бастапқы жарналар – 25,0 млн теңге, ай сайынғы жарналар – 246,3 млн теңге. Бір жылдың ішінде өсім абсолютті негізде 7,7% немесе 19,5 млн теңгені құрады, осының арқасында KASE тобының қызметтері және комиссиялары бойынша кірістегі осы баптың үлесі 25% бастап 27% дейін көбейді (10 сур.). Осы көбею 2011 жылдағы шетел валюталарының биржалық нарығы сақталуымен негізделді,

тіпті өзінің биржалық емес тер⁶ алдында бәсекелестік артықшылығын нығайтты. Осының арқасында KASE валюта нарығындағы мүшелер саны артты⁷, ал олардың мүшелік жарналарының сомасы 13,8% бастап 213,3 млн теңгеге дейін артты.

Есептік жылы Биржада қор нарығының үш және мерзімдік нарықтың бір жаңа мүшесі пайда болды. Бұл бастапқы мүшелік жарналардың динамикасына оң әсер етті. Дегенмен, бағалы қағаздар нарығындағы белсенділіктің төмендеуі („2011 жылдағы нарық

конъюнктурасының қысқаша сипаттамасы“ тарауын қараңыз) жыл қорытындысы бойынша төрт компанияның (екеуі – ерікті түрде лицензияны өткізу себебімен және тағы екеуі – уәкілетті органмен лицензиясының күшін жою себебі бойынша) қор нарығы мүшелерінің құрамынан шығаруына алып келді, нәтижесінде қор нарығы мүшелерінің жалпы саны 2010 жылы⁸ 74 бастап 75 дейін азайды, осы мүшелік санатындағы ай сайынғы мүшелік жарналар сомасы 0,5 млн теңгеге (+1,5%) көбейіп, 33,0 млн теңгені құрады.

+11,5%

Мүшелік жарналар бойынша кіріс
+ 19,5 млн теңге

+7,7%

⁶ Шетел валюталарының қазақстандық нарығындағы айналымының секторлық құрылымы және 2011 жылдағы KASE үлесі Нақты материал кітабының файлдарында берілген.

⁷ 2011 жылғы KASE мүшелерінің тізіміндегі өзгерістер туралы деректер Нақты материал кітабының файлдарында берілген.

⁸ 2011 жылғы KASE мүшелері санының санаттары бойынша өзгерістері туралы деректер Нақты материал кітабының файлдарында берілген.

Листингілік алымдар бойынша кірістер

Листингілік жарналар бойынша кіріс
– 43,7 млн теңге (– 12,1 %)

– 12,1 %

Есептік жылы листингілік алымдар бойынша кірістер үлесі өзгерген жоқ және бұрынғыдай KASE тобының қызметтер және комиссиялар бойынша кірістерінің үштен бір бөлігін құрады. Үлестің 36,2–31,4 % дейін төмендеуі комиссиялық алымнан түскен кірістің және мүшелік жарналардың өсуімен өтелді.

2011 жылы 30 эмитенттің 43 атаудағы бағалы қағаздарын KASE ресми тізімінен шығару, листингілік алымдардың жалпы көлемінің төмендеуі себебі болды. Бұл ретте келесілерді атап өтуге болады:

- негізгі бөлік, атап айтқанда 24 эмитенттің 32 атаудағы бағалы қағаздарының айналымда болу мерзімі аяқталуына байланысты ресми тізімнен шығарылды;
 - 2010 жылдан бері буферлік санатта болған сегіз атаудағы бағалы қағаздар және есептік жылы өз бешешектерін реттей алмаған үш эмитент мәжбүрлі түрде тізімнен шығарылды;
 - қалған үш эмитент өздерінің бағалы қағаздарының ерікті делистингін жүзеге асырды.
- Нәтижесінде 2011 жылы

листингілік алымның жалпы сомасы 43,7 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен төмен болып (– 12,1 %), 316,7 млн теңгені құрады.

Есептік жылы жаңа листинг мөлшерінің төмендеуіне байланысты бастапқы листингілік жарналардың көлемі 56-дан 35-ке дейін төмендеді, және 48,7 млн теңгеден (– 30,0 %) 113,4 млн⁹ теңгені құрады. Жыл сайынғы листингілік алымдардың көлемі ЕАК өсу есебінен 5,0 млн теңгеге (+ 2,5 %) артты (1 413 теңгеден 1 512 теңгеге дейін) және 203,3 млн теңгеге жетті.

Комиссиялық алымдар бойынша кірістер

Комиссиялық алымдар бойынша кіріс
+ 23,3 млн теңге

+ 10,1 %

Есептік жылы Биржа 252,6 млн теңге комиссиялық жарна жинады, соның ішінде 63,3 млн теңге ББҚ нарығынан, 91,8 млн теңге – МБҚ нарығынан, 55,7 млн теңге – репо операция нарығынан алынды (11 сур.). 2011 жылы комиссиялық алымдардың жыынтықты сомасы 23,3 млн теңгеге (+ 10,1 %) артты, яғни, 252,6 млн теңгені құрады.

Өлемдік экономикадағы күрделі жағдайында үлестік қаржы құралдардың жергілікті нарығынан инвесторлардың қайтуы акциялар секторындағы KASE сауда-саттық көлемінің 43,2 % төмендеуіне алып келді. Осыған орай үлестік қаржы құралдарды сатып алу-сату мәмілелерімен комиссиялық алым көлемі 1,2 млн теңгеге немесе 7,6 % (мамандандырылған сауданы ескермегенде) азайып, 14,3 млн теңгені құрады.

ББҚ бойынша комиссиялық алымдардан Биржаның кірістерін қолдау корпоративтік борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттық көлемінің өсуіне алып келді. „Самұрық қазына“ ҰӘҚ“ АҚ облигацияларын сатуға белсенді етуге жіберілген жоғары сапалы эмитенттердің облигацияларына сұраныс Биржаға осы сегментте 49,0 млн теңге қаражат алуға мүмкіндік берді, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 9,9 млн теңгеге, немесе 25,2 %, артық болды.

МБҚ нарығында комиссиялық алымдардың көлемі есептік жылы 61,3 млн теңгеден (– 40,0 %) 91,7 млн теңгеге дейін төмендеді, бұл қайталама нарықтағы мемлекеттік облигациялар сауда-саттығы көлемінің 39,4 % төмендеуіне алып келді. Осы құбылыстың себептері „Нарық конъюктурасына қысқаша шолу“ тарауында сипатталған. Биржа

бұрынғыдай комиссиялық алымды алмай, МЕКАМ орналастыру бойынша аукционға қызмет көрсетті, бұл қайталама нарықты кенет қысқарту жағдайында елеулі қаржылық шығындарға алып келді.

Репо операциясы бойынша биржалық нарықтағы комиссиялық алымның көлемі есептік жылы 55,7 млн теңгеге жетті, 2010 жылмен салыстырғанда шамамен 5 есеге артты. Бұл 2010 жылдың қарашасында Биржамен дамыған нарықтарда қабылданған қағидаларға сәйкес келетін комиссиялық алымдарды есептеу бойынша жаңа әдістемені енгізу есебінен мүмкін болды. Жаңа әдістемені енгізу сауда-саттық көлемінің динамикасына елеулі әсер еткен жоқ, ол қазақстандық ақша нарығы конъюктурасының өзгермеуіне байланысты жыл қорытындысы бойынша 3,1%-ға төмендеді.

Инвесторлардың қайтуы акциялар секторындағы KASE сауда-саттық көлемінің 43,2 % төмендеуіне себеп болды

– 43,2 %



⁹ 2011 жылы үлестік және борыштық бағалы қағаздар нарығындағы KASE тізіміндегі өзгерістер туралы деректер Нақты материалдар кітабының файлдарында берілген.

2011 жылдың 31 желтоқсанында нақты уақыт тәртібінде KASE сауда-саттық туралы ақпараттың соңғы пайдаланушысы 338 жеке және заңды тұлғалар болды, соның ішінде 298 тұлғалар ақпаратты Bloomberg және Thomson Reuters терминалдары арқылы алды, ал 40 тұлға Биржаның веб-сайтының тікелей пайдаланушылары болды. Жыл қорытындысы бойынша KASE ақпараттың соңғы пайдаланушылардың мөлшеріне негізделген топ-5 елдің қатарына АҚШ, Ұлыбритания, Қазақстан, Ресей және Швеция елдері кірді.

KASE 2011 жылғы желтоқсан айында Standard &

Poor's Financial Services LLC және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше елдердің биржалары арасындағы келісімге қосылды. Биржаның жетекші индекстік провайдерлермен жасасқан келісімі аясындағы жұмысын жалғастыру, шетелдік инвесторлардың қазақстандық биржамен нарыққа деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасай отырып, биржалық ақпаратты таратудан қосымша кіріс алуға мүмкіндік берді.

2011 жылдың қорытындысы бойынша нақты уақыт тәртібінде сауда-саттық ақпараттарын ұсынудан түскен Биржаның кірістері баламалы 38,0 млн теңгеге (188,4

мың евро) жетті, олардың ішінде 34,7% (65,4 мың евро) лицензиялық алымдарға, ал шамамен 65% (122,9 мың евро) – соңғы пайдаланушылардың төлемдеріне тиесілі. 2010 жылмен салыстырғанда KASE кірістерінің осы бабы 9,9 млн теңгеге, немесе 35,2%, артты.

ИРБИС қызметін ескере отырып, ақпаратты таратудан түскен биржа тобының кірістері есептік жылы қызметтер мен комиссиялар бойынша топтың жиынтық кірісінің 11% жетіп (10 сур.), 114,0 млн теңгені құрады.

Ақпараттар беруден түскен кіріс
+9,9 млн теңге

+35,2%

Шығындар

Жоғарыда айтылғандай, есептік жыл Биржаның жаңа даму стратегиясын іске асырудың алғашқы жылы болды. 2011 жылы KASE Негізгі жұмыстардың жоспарына сәйкес қазақстандық қор нарығының сапалы дамуына ерекше назар аударылды: сауда-саттық технологияларын жетілдіру, есеп айырысу жүйелерін дамыту, DMA енгізу арқылы инвесторлық базаны кеңейту, „Халықтық IPO“ мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға дайындау, Еуроазиялық биржалар федерациясының 17-ші Жыл сайынғы бас ассамблеясын және басқаларды өткізу („Биржаның жобаларын іске асыру және дамыту туралы есеп“ тарауын

қараңыз). Осы мәселелерді іске асыру Биржада мамандардың штатын арттыруды және жаңа бөлімшелерді құруды талап етті. 2011 жылы тартылған қызметкерлердің басым бөлігі IT-мамандарды құрады, олардың қызметі биржалық сауда-саттықты және есептік технологияларды дамытуға бағытталған жобаларға тікелей байланысты. Аталмыш себептерге байланысты, сондай-ақ Биржалық кеңестің мүшелерінің ай сайынғы сыйақыларын арттыруға және Биржа қызметкерлеріне және Биржалық кеңестің мүшелеріне 2010 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы төлеуге байланысты 2011 жылы қызметкерлердің шығыны 2011 жылы 73,6 млн теңгені

(+15,3%) құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен артып, 555,0 млн теңгеге жетті.

Есептік жылы Биржа тобының операциялық шығындары 126,9 млн теңгеге (+16,3%) артты. Олардың мөлшері 904,2 млн теңгені құрады, бұл негізінен қызметкерлердің шығынын арттыру есебінен мүмкін болды, себебі Биржаның операциялық шығындарының жалпы құрылымында осы шығындардың үлесі 61,4% құрады. Бизнесі дамытуға жұмсалған шығындар 2011 жылы 85,9%-ға өсті, яғни, 15,4 млн теңгені құрады, бұл Биржаның FEAS 17-ші Жыл сайынғы бас ассамблеясын өткізуге байланысты болды (12 сур.).



Биржаның қаржылық көрсеткіштері

KASE тобының таза пайдасы

162,1
млн теңге

IRBIS таза пайдасы

9,3
млн теңге

ROE = 25,5 %
ROA = 19,5 %

2011 жылы Биржамен 155,7 млн теңге¹⁰ мөлшерінде таза кіріс алынды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 53,9% жоғары, немесе 54,6 млн теңгені құрады. KASE тобының аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебінің деректері бойынша таза пайда 162,1 млн теңгені құрады және 2010 жылдағы тиісті

көрсеткіштен 46,8% төмен болды. ROE және ROA тиімділік көрсеткіштері 6,9% және 6,1% дейін төмендеді (алдыңғы кезеңде 15,9% және 15,1% болды). Бұндай төмендеудің себептері туралы жоғарыда бірнеше рет айтылды. Биржа өзінің қызметін нарықтың әлсіз конъюнктурасы негізінде жүзеге асырды, осыған

байланысты негізгі күштер стратегиялық жобаларды дамытуға және іске асыруға және KASE капиталдануын арттыруға бағытталды. Таза маржа көрсеткіші 2011 жылы 16,1% (алдыңғы кезеңде 26,6%) құрады. Активтердің айналым коэффициенті 37,9% деңгейінде (сәйкесінше 56,9%) қалды.

Биржаның¹¹ еншілес компанияларының қаржылық нәтижелері

„ИРБИС“ Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі, ЖШС

ИРБИС Биржа тарапынан 1998 жылдың 28 тамызында құрылды, оның мақсаты коммерциялық негізде қаржы нарығы саласындағы ақпараттық және талдау


қызметтерін ұсыну болып табылады. Бүгінгі күні, ИРБИС қаржылық ақпараттық отандық нарығының көшбасшылары қатарына кіреді, бұл оның қызметтерін пайдаланушылар санының

63%-дан 523-ке дейінгі жылдық өсуімен расталады.

2011 жылы маңызды оқиға ИРБИС агенттігінің барлық клиенттерін, 2008 жылдың наурызында басталған, IRIS Finance жаңартылған

11-сурет

2011 және 2010 жылдардағы Биржаның комиссиялық алымдарының құрылымы



¹⁰ Шоғырландырылмаған есеп берушілік деректері бойынша.

¹¹ Шоғырландыруға кіретін, KASE тобының еншілес компанияларының кірістері мен шығындары.

көп функционалды платформасына ауыстыру болды.

2011 жылдың қорытындысы бойынша ИРБИС агентінің жалпы кірістері 11,2 млн теңгеге (+15,4%), яғни, ақпараттық қызметтерді сатудан түскен кірістің өсуі есебінен, 83,6 млн теңгеге жетті. Ең үлкен өсім, шамамен 3,5 есеге өсу, сайттың

ақылы тарауына кіруді ұсынудан, сонымен қатар ақпараттарды қайталама таратушылардан алынған алымдардың көбеюінен болды.

Бір жылда ИРБИС активтері 5,3 млн теңгеден (+10,5%) 55,6 млн теңгеге дейін артты. Меншікті капиталы бөлінбеген кіріс сомасын арттыру нәтижесінде 9,3

млн теңгеден (+18,3%) 39,8 млн теңгеге артты.

ИРБИС кірістерінің өсуіне қатысты шығындардың өсімі, 2010 жылғымен салыстырғанда таза пайданың артуы есебінен, сонымен қатар ИРБИС қызметінің тиімділігінің жоғары көрсеткіштері есебінен 3,7 млн теңгеден (+64,4%) 9,3 млн

теңгеге жетті (ROE = 25,5%, ROA = 19,5%).

Есептік жылдың қорытындысы бойынша ИРБИС Қадағалау кеңесімен таза пайданың 53,6% (5,0 млн теңге) Биржаның дивидендтерін төлеуге жұмсау, ал қалған 46,4% (4,3 млн теңге) бизнесті одан әрі дамытуға бағыттау туралы шешім қабылданды.

„eTrade.kz“ ЖШС

ЕTrade Биржа тарапынан 2002 жылдың 12 шілдесінде құрылды, оның мақсаты қазақстандық бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларымен қолданылатын бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу, қолдау және жаңарту болып табылады.

Есептік жылы eTrade негізгі жобаларының бірі отандық қор нарығында теңдесі жоқ, жаңартылған „STrade“ интернет-трейдинг жүйесін пайдалануға енгізу болды. Осы

жүйенің ерекшеліктері – ыңғайлы пайдаланушы интерфейсі және Биржаның саудасаттық жүйесімен деректермен алмасу салыстырмалы жоғары жылдамдығы болып табылады.

Сонымен қатар, есептік жылы тараптық әзірлеушілердің саудасаттық платформаларын қолданумен KASE саудасаттық жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін транзакциялық FIX-шлюзі іске қосылды. 2011 жылдың қарашасында TC QUIK және

NetInvestor (Ресей) интернет-трейдинг жүйелері қосылды.


Жоғарыда аталған жобаларды іске асыруға байланысты eTrade шығындары есептік кезеңде 1,1 млн теңгеден (+3,5%) 29,8 млн теңгеге артты, кірістер 1,8 млн теңгеден (-5,6%) 32,4 млн теңгеге дейін төмендеді. Осыған байланысты eTrade компаниясымен 2,8 млн теңге мөлшерінде таза пайда алынды, оның 50%, немесе 1,4 млн теңге сомасы, абсолюттік мәнінде Биржаның дивидендтері түрінде төленді.

eTrade таза пайдасы

2,8 МЛН ТЕҢГЕ

12-сурет

2011 және 2010 жылдардағы KASE тобының шығындар құрылымы



Қаржылық есеп берушілік және аудиторлардың қорытындысы

Жетекшіліктің 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға шоғырландырылған қаржы есеп берушілігінің дайындалуы мен бекітілуі үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

Төмендегі мәлімдеме тәуелсіз аудиторлардың есепбінің берілген аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен қосып қарастырылуы тиіс, оның мақсаты „Қазақстан қор биржасы“ акционерлік қоғамының (бұдан әрі – „Компания“ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – „Топ“) шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне қатысты Жетекшілік пен аудиторлардың жауапкершілігін шектеу болып табылады.

Жетекшілік 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық хал-ахуалын, сонымен қатар осы күні аяқталған жыл үшін қызмет нәтижесін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы

өзгерістерді нақты көрсететін шоғырландырылған қаржы есептілігінің Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржы есеп берушілігі дайындалу барысында:

- есептілік саясаты қағидаттарының лайықты таңдалуының және қолданылуының қамтамасыз етілуі;
- есептілік саясаты туралы ақпараттың, соның ішінде деректердің мұндай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, сәйкестігін және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуы;
- ҚЕХС талаптарын орындау кірісханушы қандай

да бір мәміленің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе жағдайлардың Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен қызметінің қаржы нәтижелеріне тигізетін әсерін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайда қосымша мәліметтің ашылуы;

- Топтың өз қызметін алдағы болашақта жалғастыра алу қабілетіне баға берілуі үшін жауап береді.

- Сондай-ақ Жетекшілік:
- Топтың барлық кәсіпорындарына арналған тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесінің әзірленуі, оның енгізілуі және қолданылуы;
 - Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен

дайындауға және шоғырландырылған қаржы есептілігінің ҚЕХС талаптарына сай келуін қамтамасыз ететін есеп берушілікке;

- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі үшін;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз етуде барлық орынды іс-шаралардың қолға алынуы;
- қаржылық және өзге теріс кірісханушылықтың анықталуы және олардың алдын алу үшін жауап береді.

Топтың 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға шоғырландырылған қаржы есептілігін Жетекшілік 2012 жылдың 04 сәуірінде бекітті.

Жетекшілік атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

04 сәуір 2012 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Г.В. Боборовник
Бас бухгалтердің м.а.

„Қазақстан қор биржасы“ АҚ және Директорлар кеңесі мен акционерлеріне:

Қаржылық есеп берушілік бойынша тұжырымдама

Біз „Қазақстан қор биржасы“ акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі бірге – „Топ“) 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша қаржылық жағдайы жөнінде есеп берішілік және тиісті жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдың

өзгеруі туралы шоғырландырылған есеп және, көрсетілген күні аяқталған жылға, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясатының негізгі қағидаттарының қысқаша сипаттамалары мен басқа да түсіндіру ескертпелерінен тұратын қаржылық есеп берушіліктің аудитін жүргіздік.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындаудағы Жетекшіліктің жауапкершілігі

Берілген қаржылық есеп берушіліктің Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты тапсырылуына, сондай-ақ, жетекшіліктің пікірі бойынша, алаяқтық іс-әрекеттің

немесе қателіктердің кесірінен болатын елеулі бұрмалаушылықтар орын алмайтын, шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындауға қажетті ішкі бақылау жүйесін құруға Компания басшылығы жауапты болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз берілген қаржы есептілігіне жүргізген аудиттің негізінде пікір

білдіруімізден көрінеді. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар

бізді этикалық нормаларды ұстануға, сондай-ақ қаржы есептілігінде елеулі бұрмалаушылықтардың жоқ екеніне сенімді ететіндей болып аудитті жоспарлауға және жүргізуге міндеттейді.

Аудитке қаржы есептілігіндегі сомалар және ақпаратты ашу бойынша аудиторлық дәлелдемелерді алуға бағытталған рәсімдер кіреді. Таңдалған рәсімдер біздің талқылауымыздың мәні болып табылады, ол қаржы есептілігіндегі алаяқтық іс-әрекет пен қателіктерден туындаған елеулі бұрмалаушылықтардың болу қаупін бағалауға негізделген. Мұндай бағалау кезінде аудитор мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдер жасау мақсатында

қаржы есептілігінің дайындалуымен және нақты тапсырылуымен байланысты болатын ішкі бағалау жүйесін қарастырады, бұл жерде оның мақсатына ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру жатпайды. Сонымен қатар, аудитте қолданылатын есеп саясатының қолайлылығын бағалау және Жетекшілікпен алынған бағалау көрсеткіштерінің негізділігін бағалау, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі туралы жалпылама бағалау да кіреді.

Біздің пікірімізше, аудит барысында алынған дәлелдемелер қаржы есептілігі туралы пікір білдіруімізге жеткілікті және тиісті дәрежеде болып табылады.

Пікір

Біздің пікірімізше, осы қаржы есептілігі Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес келеді және „Қазақстан қор биржасы“ акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының 2011 жылдың 31

желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы, сонымен қатар, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша оның қаржылық қызметінің нәтижелері мен ақша қаражаты туралы шыннайы және дұрыс мағлұмат береді.

„Делойт“ ЖШС

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға рұқсат беретін № 0000015 мемлекеттік лицензия, сериясы МФЮ-2, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

04 сәуір 2012 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Эндрю Уикс

Тапсырма бойынша серіктес
Австралияның Дипломдалған бухгалтер институты
Қоғамдық тәжірибе бойынша № 78586 сертификаты,
Австралия

Нұрлан Бекенов

Тапсырма бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының білікті аудиторы № 0082
Біліктілік сертификаты
„Делойт“ ЖШС
Бас директоры

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

(теңгемен көрсетілген, бір акцияға кірістен басқасы, мың қазақстандық теңгемен)

	Ескертулер	2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Қызмет көрсетуден түскен кірістер мен комиссиялар	4, 20	1 009 923	994 939
Пайыздық кіріс	6	95 522	106 273
Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануына құрылған резерв және басқа операциялар	5	(6 660)	(2 194)
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза кіріс (шығын)		531	(169)
Сату үшін қолдағы бар инвестициялардың құнсыздануынан келтірілген шығын		(6 761)	–
Өтелгенге дейін ұсталып қалатын, инвестициялар байынша таза шығын	13	–	(1 864)
Қауымдасқан ұйымның таза кіріссындағы үлесі		35	35 247
Басқа кірістер		21 470	15 012
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР		1 114 060	1 147 244
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР	7, 20	(904 224)	(777 349)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІН КІРІС		209 836	369 895
Кіріс салығына шығыстар	8	(47 691)	(64 820)
ТАЗА КІРІС		162 145	305 075
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ КІРІС			
Базалық (теңге)	9	299,94	655,86
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН			
Сату үшін қолдағы бар инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген таза шығын		(10 090)	(1 488)
Кіріс немесе шығыс құрамына ауыстырылған, қайта бағалаудан келтірілген шығыс		6 761	–
ЖИЫНТЫҚ КІРІСТІҢ БАРЛЫҒЫ		158 816	303 587

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп берушілік

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескертулер	31 желтоқсан 2011 жыл	31 желтоқсан 2010 жыл
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10, 20	49 257	359 401
Қолданысы шектеулі, ақша қаражаты		224 780	30 776
Банктердегі қаражат	11	583 323	1 071 777
Сату үшін қолда бар инвестициялар	12	21 622	30 834
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	13	105 302	205 595
Қауымдасқан ұйымға салынған инвестициялар	14	140 335	126 560
Төленген аванстар		12 195	78 261
Негізгі құралдар	15	1 395 642	198 440
Материалдық емес активтер		3 331	3 278
Ағымдағы кіріс салығы бойынша талаптар		56 673	55 984
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша талаптар	8	142	659
Өзге активтер	16, 20	68 942	59 573
АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		2 661 544	2 221 138
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ			
Міндеттемелер:			
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер		224 780	30 776
Алынған аванстар	20	52 210	48 567
Ағымдағы кіріс салығы бойынша міндеттемелер		2 229	2 054
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша міндеттемелер	8	19 417	14 488
Өзге міндеттемелер	17, 20	33 929	35 617
Міндеттемелердің барлығы		332 565	131 502
Капитал:			
Акционерлік капитал	18	517 291	406 244
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры		(5 389)	(2 060)
Өзге қорлар		170 000	170 000
Бөлінбеген кіріс		1 647 077	1 515 452
Капиталдың барлығы		2 328 979	2 089 636
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		2 661 544	2 221 138

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға капиталдың өзгеруі туралы шоғырландырылған есеп берушілік

(мың теңгемен)

	Акционерлік капитал	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры	Өзге қорлар	Үлестірілмеген кіріс	Капиталдың барлығы
2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	194 418	(572)	–	1 523 462	1 717 308
Сатуға үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген шығын	–	(1 488)	–	–	(1 488)
Жылдағы таза кіріс	–	–	–	305 075	305 075
Жылдағы жиынтық кірістің барлығы	–	(1 488)	–	305 075	303 587
Жай акциялардың шығарылымы	211 826	–	–	–	211 826
Жарияланған дивиденд	–	–	–	(143 085)	(143 085)
Өзге қорларды арттыру	–	–	170 000	(170 000)	–
2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	406 244	(2 060)	170 000	1 515 452	2 089 636
Сатуға үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген шығын	–	(10 090)	–	–	(10 090)
Кіріс немесе шығын құрамына аударылған, құнсызданудан куелтірілген шығын	–	6 761	–	–	6 761
Жылдағы таза кіріс	–	–	–	162 145	162 145
Жылдағы жиынтық кірістің барлығы	–	(3 329)	–	162 145	158 816
Жай акциялардың шығарылымы	111 047	–	–	–	111 047
Жарияланған дивиденд	–	–	–	(30 520)	(30 520)
2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	517 291	(5 389)	170 000	1 647 077	2 328 979

2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп берушілік

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескертулер	2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Салық салынғанға дейінгі кіріс		209 836	369 895
Ақшалай емес баптарға енгізілген түзетпелер:			
Активтердің құнсыздануына құрылған резерв		6 660	2 194
Негізгі құрал нысандарының шығуынан келтірілген шығын		9 296	790
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялардың шығарылуынан келтірілген шығын		–	1 864
Қауымдасқан ұйымның кірісіндегі үлесі		(35)	(35 247)
Сату үшін қолда бар инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі		(878)	(438)
Сату үшін қолда бар инвестициялардың құнсыздануынан келтірілген шығын		6 761	–
Есептелген пайыздардың таза өзгеруі		4 945	6 207
Тозу және амортизация	7	42 690	36 564
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағымы		279 275	381 829
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі			
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:			
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты		(194 004)	(29 272)
Банктердегі қаражат		484 685	(436 719)
Төленген аванстар		66 066	(39 862)
Өзге активтер		(16 029)	(3 592)
Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаюы:			
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер		194 004	29 272
Алынған аванстар		3 643	16 805
Басқа міндеттемелер		(832)	4 550
Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының (жылыстауы)/түсімі		816 808	(76 989)
Төленген кіріс салығы		(42 759)	(131 331)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза (жылыстауы)/түсімі		774 049	(208 320)

	Ескертулер	2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Негізгі құралдарды сатып алу	15	(1 248 988)	(14 290)
Материалды емес активтерді сатып алу		(253)	–
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім		99 117	307 709
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды сатудан түскен түсім		–	3 839
Қауымдасқан ұйымдардағы инвестицияларды сатып алу		(13 740)	(56 260)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының таза (жылыстауы)/түсімі		(1 163 864)	240 998
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жай акциялардың шығарудан түскен түсімдер		109 616	208 710
Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу		(29 945)	(139 896)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		79 671	68 814
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ)		(310 144)	101 492
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басына	10	359 401	257 909
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	10	49 257	359 401

Топ 2011 және 2010 жылдың жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар барысында алған пайыздық сыйақысының сомасы тиісінше 100 467 мың теңгені және 100 066 мың теңгені құрады.

Топ 2010 жыл барысында жалпы „БТА Банк“ АҚ, қайта құрылымдау процесінен өткен, номиналды құны 4 070 мың теңге үлестік қаржы құралдар ретінде танылған облигацияларын өтелгенге дейінгі ұсталатын инвестициялар санатынан сату үшін қолда бар инвестициялар санатына жіктеді.

Биржаның жобаларын және дамуын жүзеге асыру туралы есеп берушілік

Жобалармен жұмыс жасау отандық және шетелдік инвесторлар үшін KASE сауда-саттық алаңын тартымдылығын арттыруға шақырады.

Жоғарыда аталғандай, есептік жылы 2011–2013 жылдарға арналған Биржаның даму стратегиясы және үш жылдық Стратегиялық жоспар

қабылданды. Екі құжаттың негізгі екіні қазақстандық биржалық нарықтың өтімділігін негізінде көтеру болып табылды.

Жыл бойы Биржа жергілікті нарықтың өтімділігін

және тартымдылығын көтеру бағдарламаларымен жұмыс істеді. Атап айтқанда, жыл маркетингтік әрекеттер бағдарламаларын әзірлеуге, маркетинг-мейкерлер институтын реформалауға, „Халықтық IPO“ қатысуға, ақпараттық өнімдерді, қашықтан кіруді және қашықтан мүшелік етуге арналды. Алайда, жағымсыз сыртқы орта және

реттегіштің позициясы нақ есептік жылда жоғарыда аталған бағдарламаларды енгізу тиімділігін көбіне сұрақ жүзінде қалдырғанын ескерген жөн. Соның ішінде, осы себеппен 2011 жылы Биржа өзінің негізгі күш-жігерін нарық қатысушыларына ұсынылатын қызметтер сапасы мен сенімділігін арттыруға жұмсады.

Сауда-саттықтар мен есеп айырысулар

Толық алдын-ала депозитке салумен T+0 есеп айырысу жүйелерін енгізу

2011 жылы енгізілген басты жобалардың бірі T+0 сызбасы бойынша есептесулердің кепілдік берілген жүйесіне көшу болып табылады. Жоба мақсаты – есеп айырысулардың сенімділігін сапалы арттыру және мәмілеге қатысушылардың төуекелдерін минимизациялау болды.

Аталған сызба бағалы қағаздар сауда-саттығына қатысушылардың қаржыларды жүз пайыз алдын ала депозитке салынуын қарастырады; активтердің бар-жоғын бақылауды Сауда-саттық жүйесіне өтінімдерді беру сатысында Биржа жүзеге асырады да, Биржада жасалған мәмілелерді орындамау жағдайларын түбегейлі азайтуға мүмкіндік береді. Осы жүйені енгізгенге дейін алдымен Биржада бағалы қағаздармен мәмілелер жасалынып, содан соң оның орындалу мүмкіндігі Растау жүйесі арқылы да тексерілген.

Есептесулер жүйесін өзгерту қажеттілігі жасалған мәмілелер бойынша міндеттерді орындамаудың бірнеше фактілермен шартталған. Мысалы, 2010 жылы үлестік бағалы қағаздар секторында мәмілелерді орындамаудың

80 оқиғалары, корпоративтік облигациялар секторында 48 мәміле, 25 мәміле – мемлекеттік бағалы қағаздар секторында орындалмаған. Бұл Биржада жасалған бағалы қағаздарды сату – сатып алу мәмілелерінің жалпы санынан 0,7% құрады. 2011 жылы есептесудің жалпы сызбасын енгізгенге дейін акциялармен жасалған 27 мәміле, корпоративтік облигациялармен жасалған 16 мәміле, мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған – 6 мәміле орындалмаған (сандық мәні бойынша жасалған мәмілелердің 0,4%).

Жобаны жүзеге асыру аясында есептік жылдың бірінші жартысында Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенін модификациялау процедуралары және ішкі нормативтік базаны дайындау аяқталды. Жобаны енгізу нарық қатысушыларының болжамды операциялық төуекелдерін азайту мақсатында кезек-кезеңімен жүзеге асырылды. 2011 жылдың 05 қыркүйегінен бастап сұраныстардың қамтамасыз ету бақылауын қарастыратын Биржаның сауда-саттық жүйесінің жаңа нұсқасына көшу жүзеге

асырылды, алайда, қамтамасыз етуді бақылау функциясы тек 12 қыркүйектен бастап іске қосылды. Осы күннен бастап Биржаның және бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде активтердің 100-пайыздық алдын ала жеткізу тәртіптемесінде сауда-саттыққа қатысушыларының жұмыс тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттары қолданысқа енгізілді. Бұл ретте есептесулердің жаңа сызбасын сынақтан өткізу мерзімі – 01 қарашаға дейін деп анықталды. Осы кезең ішінде сауда-саттыққа қатысушыларына қатысты, Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген, есептесудің жаңа тәртіптемесін бұзу жағдайында қарастырылған кейбір айыппұлдық ықпалшаралары қолданылған жоқ.

Сонымен, 2011 жылдың 01 қарашасынан бастап Биржада толық қамтамасыз етумен (гросс-есептесулер) T+0 сызбасы бойынша бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есептесулер жүйесі қызмет етеді. 2011 жылдың содан кейінгі екі айында KASE бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерінің орындалмауының бір де бір оқиғасы тіркелмеген.

Биржа жобаны жүзеге асыру барысында сауда-саттыққа қатысушыларының жайғасымдарының шектелімдерін анықтау бойынша сауда-саттық алдындағы процедураларды, жасалған мәмілелер бойынша есептесулер тәртібін, Биржа мүшелерінің жауапкершілігін анықтауды регламенттейтін жаңа ішкі құжаттарды әзірледі. Бұдан басқа, „Репо операциясын жүзеге асыру ережелері“ және „Сауда-саттық регламенті және Растау жүйесінің жұмыс регламенті“ сияқты Биржаның ілеспелі ішкі құжаттарына қажетті түзетулер енгізілді.

Орталық депозитариймен бірлесіп, Депозитарий мен Биржа арасында ақпараттар алмасу регламенті әзірленді. Осы регламент шегінде Сауда-саттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету аяғына дейін жеткізілді, атап айтқанда, сауда-саттыққа қатысушыларының позициясы бойынша деректерді құрылымдау функционалы айтарлықтай өзгерді және Биржаның IT – бағдарламалары және Орталық депозитария арасында хабарламаларды алмастыру форматы жаңартылды.

T + n есептесулері жүйелерін әзірлеу

Толық қамтамасыз етумен T+0 (гросс-есептесулер) сызбасы бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есептесулер жүйелерін сәтті енгізу T+n (n > 0) сызбасы бойынша есептесулер жүйелерін әзірлеуге арналған базис болды. Биржа есептесулер жүйелерін жетілдіруде белгілі нәтижелерге жетіп, T+n сызбасы бойынша есептесулерді жүргізуге тікелей байланысты қауіптер мен проблемаларды сезінумен айтарлықтай ілгеріледі.

Есептік жылы осы жоба Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі Кеңестің мәжілістерінде екі рет талқыланды. Бұл ретте T+n сызбасы бойынша есептесулер жүйелерін енгізу кезінде орталық контрагентін

құру туралы мәселе қарастырылды. Мәжіліс қорытындысы бойынша Биржаға орталық контрагентті енгізу бойынша жобаларды аяғына дейін істеу тапсырылды. Атап айтқанда;

- Әр сатыда (Committee on Payment and Settlement Systems) және IOSCO (International Organization Of Securities Commissions) техникалық комитеттің төлемдері мен есептеу жүйелері бойынша Комитет ұсыныстарына сәйкес жету көзқарасымен дамудың болашақ жоспарын толық талдау;
- Нақты ішараларды жүзеге асыру мерзімдерін көрсете отырып, бағалы қағаздардың биржалық нарығын дамытудың келешекті жоспарын жүзеге асыру кестесін әзірлеу. Қажетті құқықтық қамтамасыз етудің болмауы

T+n сызбасы бойынша есептесулер жобасын жүзеге асыруға айтарлықтай бөгет болды. Осыған байланысты Биржа 2011 жылы сол уақытта бар кедергілерді жоюға тиіс заңнама түзетулерін әзірледі.

Бұдан басқа, есептік жылы KASE клирингті қолданумен қор нарығы секторының қызмет ету шарты мен тәртібін жартылай қамтамасыз етумен (0 < n < 4 кезінде) T+n сызбасы бойынша есептесулер жүйелерін регламенттейтін ережелер жинағын әзірледі.

Тұтастай алғанда жобамен кейінгі жұмыстар күшті бар заңға қажетті өзгерістерді енгізуге байланысты болатынын атап өткен жөн. Дегенмен, KASE техникалық және нормативтік базаларды жақсартуға назар салып, осы бағытта ілгерілеуде.

T+n жобасын жүзеге асырудағы кедергілерді жою мақсатында заңнамаға түзетулер енгізу жобасы әзірленді

„Халықтық IPO“ өткізуге дайындық

2011 жылғы 08 қыркүйектегі Үкімет Қаулысымен Бағалы қағаздар нарығында „Самрұқ-Қазына“ Ұлттық әл-ауқаттылық Қоры, АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялар пакеттерін шығару бағдарламасы бекітілді. Биржа мамандарының пікірі бойынша осы бағдарламаны сәтті енгізу бағалы қағаздардың жергілікті нарығында өтімділіктің өсуін ынталандыруға себеп болады.

Көрсетілген бағдарламаны әзірлеу барысында Биржа осы мәселе бойынша ұсыныстармен шығып, бағдарламамен жұмыс істеген кеңесшілермен өткен кездесулерге бірнеше рет қатысты.

Аталған бағдарламаға сәйкес Халықтық IPO өткізу

алаңы Биржа болып анықталды, бұл ішкі құжаттарға және KASE ақпараттық жүйесіне өзгеріс енгізу қажеттілігімен туындатты.

Биржаның „Халықтық IPO-ға“ дайындық іс-шаралары аясында Биржаның сауда-саттық жүйесі арқылы жазылудың көмегімен акцияларды орналастыру ережелері әзірленді. Ережені 2012 жылғы наурызда Биржа кеңесі бекітті.

„Халықтық IPO“ барысында жазылуды ұйымдастырудың техникалық шешімі Биржа жасауын есептік жылы бастаған сауда-саттық жүйесінің арнайы модулі болады. Аталған модуль нарық қатысушыларының сұраныстарын жинауға, оларды нығайтуға, жиынтық деректерін өңдеуге,

қалыптастыруға және жазылуды жүргізуге байланысты басқа қызметтерді орындауға мүмкіндік береді.

Жыл қорытындысы бойынша Биржа „Халықтық IPO“ белгілі техникалық дайындыққа жеткенін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта KASE СЖ техникалық мүмкіндіктері нарықтың ағымдағы сұранысын едәуір көтереді, бұл ретте IPO бірінші эшелонды акцияларды шығару сәтіне қосымша 20–30% көбейтілетін болады.

Есептік кезеңінде Биржа өкілдері Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы жанындағы „Халықтық IPO“ ақпараттық қолдау дайындау жөніндегі жұмыс тобының қызметіне белсенді қатысты.

KASE „Халықтық IPO“ өтетін алаң болып белгіленді

„Халықтық IPO“ өткізудің бас кезінде KASE СЖ техникалық мүмкіндіктері 20–30% көбейтілетін болады.

К ASE 2011 жылы Стратегияға сәйкес мерзімді нарықты дамыту міндеттерін шешуге шындап кіріскен, оның қайта іске қосылуы 2010 жылдың соңында жүзеге асты. Биржа нарығының осы сегментінің келешегін талқылау үшін уәкілетті органның, жергілікті нарықтың кәсіби қатысушыларының өкілдерімен және шетел сауда алаңдарындағы мамандармен бірқатар кездесулер өтті.

Реттегіш өкілдерімен кездесу барысында біздің пікірімізше қазақстандық мерзімді нарықты белсендірудің негізгі кедергілердің бірі болып жүрген заңнамалық кедергілер талқыланды. Жыл басында KASE Аналитикалық Қаржы компаниясы (АҚК) жанынан қолданыстағы заңнаманы өзгертуге қатысты Биржа әзірлеген ұсыныстарды талқылау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы бастамамен шықты.

Жыл бойы KASE мерзімді нарықты реттейтін нормативтік базаны айтарлықтай өзгертті. Атап айтқанда, Биржада сатылатын туынды

қаржылық құралдар базалық активі валюта болып табылатын мерзімдік келісімшарттар түрлерінен құралған „валюталық мерзімдік келісімшарттар секторына“ және базалық активтер бағалы қағаздар және қор индекстері болуы мүмкін мерзімдік келісімшарттар түрлерінен құралған „қордың мерзімдік келісімшарттары секторына“ бөлінген. Әр сектор үшін қатысушылардың міндетті кепілдемелік жарналарды енгізу бойынша бөлек нормалар белгіленген. Бұл саудаға қатысушыларға қазақстандық брокерлердің жоғары емес орташа капитализациясы мен кепілдемелік қорларға енгізілген ақшаларды топтаумен брокерлердің бар проблемаларын есепке алғанда маңыздылығы кем болмайтын дерексізденген қаражатты оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Биржа Басқармасы шетелдік ұйымдастырылған деривативтер нарықтарының тарифтік саясаттарын зерттегеннен кейін 2011 жылғы 27 қазанда KASE-тің „Мүшелік жарналар және

биржалық алымдар туралы ереже“ ішкі құжатына өзгерістер бекітілді. Аталған өзгерістер мерзімді нарықта комиссиялық алымдар мөлшерін төмендетуді, бір сауда сессиясы ағымында мерзімді келісім бойынша ашық және жабық позицияларға келтіретін мәмілелерді жасау кезінде қосымша жеңілдіктерді қарастырады.

2011 жылы KASE мерзімді мәмілелер болмаған жағдайдың өзінде әлеуетті маркет-мейкерлерге спрэд бойынша қажетті талаптарды орындауға мүмкіндік беретін мерзімдік келісімшарттар бойынша ағымдағы бағалардың есептеу тәртібін өзгертті.

Аталған жағдайдан басқа, Биржа мерзімді нарық қатысушыларына әлеуетті қызық құралдарды анықтау бойынша жұмыстар жүргізді. Осы жұмыстың нәтижесі бойынша KASE-тегі сауда қосымша валюталық жұптардың және KASE Индексінің жекелеген бағалы қағаздарының есептеу фьючерсіне қолжетімді болады.

Жыл бойы мерзімдік келісімшарттар биржа нарығын

танымал ету үшін тұрақты негізде жеке инвесторларға, сондай-ақ, қаржы нарығының кәсіби қатысушыларына арналған оқу семинарлары өткізілді. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты әлеуетті қатысушыларды KASE-те қолданыстағы және іске қосу жоспарланып отырған туынды қаржылық құралдармен таныстыру, сондай-ақ, тәжірибе жүзінде KASE сауда-саттық жүйесінде нарықтың осы сегментін жүзеге асыру деңгейін көрсету болды.

Атқарылған жұмыстарға қарамастан, Биржа нарықтың осы сегментінде қандай-да бір белсенділікке жете алмады. Жақын уақытқа KASE төмендегілерді жоспарлайды:

- қызметтер үшін тартымды жағдайдарды жасау арқылы мерзімді нарыққа маркет-мейкерлерді тарту бойынша әрекеттерді белсендіру;
- оқу семинарларының бағдарламасын ұлғайту;
- PR және мерзімді нарықтағы өтімділікті көтеру бойынша маркетингтік іс-шаралар.

Технологияларды дамыту

Транзакциялық FIX-шлюз

Б иржа жеке сауда-саттық жүйесінің өзірлеушісі бола отырып, өз тарихында пайдаланушылар терминалдарының сауда-саттық жүйесінің ең жақсы үйлесімділігіне жету үшін әртүрлі әрекеттерді қабылдады. 2011 жылы басқа өзірлеушілер терминалдарымен сауда-саттық жүйесінің үйлесімділік деңгейін сапалы жаңа деңгейге шығарған жобаны өзірледі.

Сауда-саттық жүйесінің транзакциялық FIX-шлюзі

бүкіл әлемде қаржылық ақпаратты алмастыру стандарты болып табылатын FIX (Financial information eXchange) хаттамасы негізінде құрылды. FIX-шлюзі арқылы Биржаның сауда-саттық жүйесіне үйреншікті бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, нарық қатысушыларына Биржада сатуға мүмкіндік беретін дерлік кез келген сауда терминал қосыла алады.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болғаннан басқа

FIX-шлюздің басқа маңызды басымдылығы бар – ол сауда кезінде кідірістерді азайту. Шлюз арқылы деректердің өту жылдамдығы бұрын қабылданған шешімдер үшін ұқсас сипаттамаларды он есеге көтереді. Нарықтық деректер Биржаның сауда-саттық жүйесінде транзакцияларды дереу тіркегеннен кейін жазылушыларға беріледі. FIX хаттамалары арқылы биржалық „стақанды“ жаңарту жиілігі басқа хаттамалар арқылы жұмыс кезінде жетуге

болатын көрсеткіштерді айтарлықтай көтеруі мүмкін.

2011 жыл осы жоба үшін ақырғы ретке келтіру және пайдалануға енгізу жылы болды. Жылдың бірінші жартысында FIX-шлюз жұмыс қабілеттілігі бақылау (мониторинг) жүйесі өзірленіп, пайдалануға іске қосылды („Биржалық ақпараттардың жылжуы“ бөлімін қара) және „АРКА Текнолоджиз“ ЖАҚ қатысуымен транзакциялық FIX-шлюзді екіжақты тестілеу өткізілді. 2011

жылдың тамызында тран-
закциялық FIX-шлюзді тә-
жірибелі пайдалануға енгі-
зілді. 2011 жылдың 20 қыр-
күйегінде Биржа „eTrade“
ЖШС-мен бірге өзінің сауда-
саттық жүйесіне қашықтан

енуге арналған транзакция-
лық FIX-шлюзді іске қосуға
арналған таныстыру рәсімін
ұйымдастырды. Таныстыру
рәсімі аясында Биржа жа-
ңа енгізілімдер және шлюзді
іске қосқаннан кейін кәсіби

қатысушыларда пайда бола-
тын мүмкіндіктер жайында
айтып берді.

2011 жылдың 21 қараша-
сында транзакциялық FIX-
шлюз өнеркәсіптік пайдала-
нымда іске қосылды.

Интернет-трейдинг

2011 жылдың маусымында
Биржа сауда-саттық жүйе-
сінің „нәзік“ терминалы
негізінде „STrade“ жаңа
көпфункционалдық жүйе-
ні пайдалануға іске қосты.
„STrade“ клиенттерге нақ-
ты уақыт тәртібінде сауда
барысы туралы ақпараттар-
ды қарауға және Интернет
желісі арқылы Биржадағы
саудаға мүмкін барлық қар-
жылық құралдар бойынша
сатып алу-сату операцияла-
рын жасауға мүмкіндік бе-
реді.

Ойластырылған жүйе-
нің интерфейсі арқылы ин-
вестор өз бетінше өз жұмыс

орнын өз қалауына сәй-
кес құра алады. Жаңа тер-
миналдың пайдаланушы-
ларының ыңғайлығы үшін
өткізілген операциялар та-
рихын және ақшалай құ-
ралдардың жағдайын қада-
ғалау функциясы өзірленді.

„STrade“ жүйесіндегі
операциялар қауіпсіздігін
қамтамасыз ету мақсатында
34.310–2004 тиісті МЕМСТ
электрондық сандық қол-
дарды қолдау механизмін
және Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкінің бан-
каралық есептесулердің Қа-
зақстан орталығының шы-
ғарылатын орталығымен

куәлендірілген электрон-
дық сандық қолдарды кілт-
тері сертификаттарын жү-
зеге асырылды. Деректер
құпиялығы байланыстар-
дың қорғалған арналарын
ұйымдастыру арқылы қам-
тамасыз етіледі.

Биржаның халықтың
қаржылық сауатын көте-
ру саясатына сәйкес жа-
ңа терминалға Биржаның
оқу сауда-саттық жүйесі-
не қосылу қызметі қосыл-
ды. Сонымен, қор нарығын-
да сауда дағдыларын игеру
үшін пайдалануға болатын
„STrade-тің“ қолданылуы
кеңейтілді.

STrade – бұл ЭСҚ қолдайтын Интер-
нет-трейдингке арналған жаңа тер-
минал

Эмитенттері бар электрондық құжатайналым

Листингтік компа-
нияларының ақпа-
раттарды ашу меха-
низмдерін жетілдірумен жұ-
мыс істей отырып, Бағалы
қағаздар биржасында саты-
латын эмитенттердің тазалы-
ғын арттыру міндетінің бірі
ретінде KASE алдыңғы жыл-
дары шетел алаңдарының тә-
жірибесін, сондай-ақ, жер-
гілікті нарықтың сұранысы
мен мүмкіндіктерін зерттеді.
Осы жұмыстың нәтижесінде
2010 жылдың 23 желтоқса-
нында KASE Басқармасымен
Бағалы қағаздар эмитентте-
рі және – „Is2in“ (Issuers to
Investors) Биржасы арасын-
дағы электрондық құжатай-
налымдар жүйелерін өзірлеу
және енгізу бойынша іс-ша-
ралар жоспары бекітілді. Осы
жоспарға сәйкес 2011 жыл-
дың бірінші жартысында
Биржа мамандарымен элект-
рондық құжатайналымдар
жүйелерін бағдарламалық

қамтамасыз етуді өзірлеу
бойынша техникалық мін-
деттер құрылды және жүзеге
асып, Биржаның сайты мен
бэк-офисімен бағдарламалық
қамтамасыз етудің түрі өз-
герді.

Технологиялық міндеттер-
ді жүзеге асырғаннан басқа
листингтік компаниялары-
мен және бастамашылармен
„Is2in“ пайдалану туралы
рұқсаттың типтік келісімінің
нысаны дайындалып, лис-
тингтік компаниялар қыз-
меткерлерінің жүйесіне ену
әдісі анықталды. Биржа ма-
мандарымен типтік есептеме-
лердің және „Is2in“ пайдала-
нылатын стандартталған ха-
барламалардың нысандары
өзірленді.

2011 жылғы тамыздан бас-
тап қыркүйек айы аралы-
ғында Биржа қызметкерле-
ріне, қыркүйек-қараша ара-
лығында тоғыз листингтік
компаниялар өкілдерімен

„Is2in“ жүйелерінің жұмыс
нұсқалары сынақтан өткізіл-
ді. 2011 жылдың қарашасын-
да „Is2in“ жүйесін пайдалану
бойынша барлық листингі-
лік компанияларға төрт оқу
семинарларын өткізді, сон-
дай-ақ, жүйе жөнінде пайда-
ланушыға арналған егжей-
тегжейлі нұсқауды шығарды.

2012 жылдың басында
электрондық құжатайналым
жүйесі пайдалануға кіріс-
тірілді. Биржа листингтік
компаниялармен және баста-
машылармен „Is2in“ пайда-
лану туралы рұқсат келісім-
шартын жасауға кірісті.

Жүйеде Portable Document
Format (PDF) форматында
фалдарды беру (алу) механиз-
мі жасалған. Аталға файл-
дар Биржа мамандары құпта-
ғаннан кейін жиналып және
сақталып тұратын бэк-офис-
ке көшіріледі. Бэк-офистен
файлдарды қосымша құп-
тау арқылы Биржа сайтының

Is2in жүйесі – листингтік компа-
ниялармен құжатайналымнан бас-
тарту

серверіне орналастырылады, яғни сайтта жарияланады.

2012 жылдың бірінші жартысында биржа эмитенттерге сынақ кезеңін береді. Бұл уақыт ағымында олар жүйе арқылы электрондық пошта немесе қағаз тасымалдаушы арқылы құжаттарды шығара алатын болады. Сонымен, барлық листинглік компаниялармен нақты уақыт тәртібінде жүйелерді қосымша сынақтан өткізу жүзеге асырылады. Ақпараттарды ашу мақсатында тек Is2in пайдалану бойынша міндетті талаптарды орындау 1012 жылдың 01 шілдесінде күшіне енеді.

Бұдан әрі Биржа шетел биржаларының тәжірибелерін пайдалана және осы жүйемен жұмыс істеу бойынша Биржаның контрагентінің қажеттілігін ескере отырып, Is2in жетілдіруге ниетті. Атап айтқанда, жүйеде жақын болашақта электрондық цифрлік қолдар (қол қоюлар), сондай-ақ, PDF басқа форматтарда файлдары

көшіру мүмкіндігі орындалады.

2012 жылдың басында Биржа алдында ақпараттарды ашу бойынша KASE мүшелерінің міндеттемелері айтарлықтай ұлғайтылған нормалармен қауіптерді азайту туралы Заң күшіне енді. Аталған заңның және одан шығатын уәкілетті органның нормативтік-құқықтық акт талаптарын орындай отырып, өз мүшелерімен өзара әрекеттесу үшін жақын болашақта Is2in пайдалануды бастауды жоспарлады. Биржа мүшелерімен электрондық құжатайналымды ұйымдастыру мақсатында листинглік компаниялармен Is2in жобасын жүзеге асыру кезінде аяқталмаған жұмыстар пайдаланылатын болады. Дегенмен, Биржаның бәк-офисінде, сайтта және тікелей Is2in жүйесінің өзінде айтарлықтай өзгерістер қажет болады. Аталған өзгерістерді жүзеге асыруды KASE 2012 жылдың ішінде орындауды жоспарлап отыр.

маркет-мейкерлерге талаптарды күшейту, сауда ұйымдастырушысы мен маркет-мейкерлер арасындағы қарым-қатынсты қалыптастыру ұсынысы болды.

Жоба бірнеше рет нарықтың кәсіби қатысушыларымен талқыланып, 2011 жылдың 30 қарашасында Биржа кеңесі мәжілісінде қаралды. Бұдан кейін ол аяғына дейін жеткізіліп, 2012 жылдың наурыз айында Биржа кеңесімен бекітілді.

Бағдарламаның соңғы нұсқасы маркет-мейкерлерге қалыптасқан моделді жетілдіруге және конкурстық негізде Биржа тарапынан ақшалай төлемдерді төлеп, маркет-мейкерлерді ынталандыру арқылы өтімділікті көбейтуге мүмкіндік беруге жеңілдіктер мен талаптардың икемді жүйесін жүргізуді қарастырады.

Қазіргі уақытта KASE акциялар бойынша маркет-мейкерлерге арналған міндетті баға белгілеудің минимальді 3000 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде белгіленген. Бұл ретте маркет-мейкерлерге арналған ең үлкен айырма (спрэд) (- сатуға және сатып алуға маркет-мейкердің ең жақсы баға белгілеудегі бағалардың арасындағы айырмашылық) өтімділіктің бірінші класындағы акциялар үшін 7%, өтімділіктің екінші және үшінші кластарындағы акциялар үшін 10% құрайды. Маркет-мейкерлер сауда күні ағымында ең аз дегенде екі міндетті баға белгілеулерді қоюы тиіс, демек 6000 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) сомасында (10 млн теңгеден сәл аз) мәміле жасауға дайын болуы тиіс.

Бағдарламамен маркет-мейкерлерге талаптар матрицаларын енгізу және комиссиялық алымдар бойынша жеңілдіктер көлемі сәйкестін жеңілдіктер жауапты мәлімдеме болған кезде маркет-мейкерлер өздеріне шығарылған белгіленген баға бойынша бір күн ағымында жасауға тиіс міндетті баға белгілеулер және мәмілелердің ең аз көлемі бойынша жіберуге болатын

ең көп спрэд мөлшеріне тікелей байланысты болады. Осы матрицаға сәйкес жеңілдіктер спрэдтер азайған кезде және мәмілелер көбейген кезде комиссиялық алым бойынша жеңілдіктер өседі. Бұл ретте KASE сауда-саттық жүйесінде біруақытта мәміле жасауға қолайлы міндетті баға белгілеу ең аз көлемі 1000 ЕКК аз болмауы тиіс.

Бағдарламамен қаралған басқа жеңілдіктерге KASE ресми тізімінде бар екі атаудан кем болмайтын KASE-тегі корпоративті бағалы қағаздар маркет-мейкерлері болған жағдайда ғана Биржа мүшесінің Қаржы кеңесшісі мәртебесін алу мүмкіндігін жатқызу қажет.

2012–2013 жылдары KASE міндетті баға белгілеулер бойынша ең аз айырмаларды (1% артық емес) және ең көп көлемдерді (8000 АЕК кем емес) қолдау болатын маркет-мейкерлердің арасында конкурстар сериясын өткізу жоспарлануда. Әр конкурстық ай қорытындысы бойынша KASE 1,0 млн теңге мөлшерінде сыйақы төлеу жоспарланатын үш ең белсенді маркет-мейкерлерді іріктеуге ниетті. Бағдарламаларды өткізудің бірінші сатысында конкурстық маркет-мейкингтің объектісі KASE Индексінің өкілеттік тізімінің ең өтімді акциялар болады деп жоспарлануда. Одан кейінгі ынталандыру өтімділіктің бірінші класындағы басқа акцияларға орнын ауыстыру болуы мүмкін.

Бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында жақын уақытта KASE маркет-мейкерлер қызметінің ережесіне түзетулер енгізуді әзірлеп, сондай-ақ, сауда-саттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді бағдарламаның тиімді өкімшіліктеуін қамтамасыз ету үшін бәк-офисті жетілдіру де жоспарлауда.

Өтімділік өсімі маркет-мейкерлерді байқау бойынша ынталандыру және оларға жеңілдік беру арқылы жүзеге асады

Өтімділікті тарту

Маркет-мейкерлер институтын жаңарту тұжырымдамасы

2011 жылы маркет-мейкерлер институтын роформалау және жетілдіру тұжырымдамасын құру жұмыстары жүргізілді. Себебі, маркет-мейкерлер жұмыстарының тиімділігі биржа нарығының өтімділігін өсіру мәселесінің негізгі құрамы болып табылады.

2011 жылдың ортасында 2012–2013 жылдарға арналған Маркет-мейкерлер институтын ортамерзімді реформалау бағдарламаларының жобасы әзірленді. Аталған жоба аясында маркет-мейкерлерді қор нарығында белсенді жұмыстарға ынталандыру мақсатында оларға жеңілдік жүйелерін өзгерту ұсынылды. Қазіргі уақытта қандай да бір бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкерлер

мәртебесіне ие Биржа мүшесі осы бағалы қағаздардың өтімділігінің қандай да бір өлшемдеріне қарамастан белгіленген мөлшерлеме 50% көлемінде осы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша Биржаға комиссиялық алым төлейді. Жоба арқылы қолдайтын көлемдер мен міндетті баға белгілеу айырмасына (спрэдіне) қарай маркет-мейкерлерге жеңілдіктерді дифференциялау, сондай-ақ, бағалы қағаздардың өтімділігі өсіміне айтарлықтай салым енгізетін маркет-мейкерлерді ынталандыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ, жобада маркет-мейкерлерде листинглік бағалы қағаздардың міндетті болуынан бас тарту,

2011–2013 жылдарға арналған „Қазақстан қор биржасы“ АҚ Даму стратегиясын жүзеге асыру және 2011 жылға негізгі жұмыстар жоспары аясында 2011 жылдың сәуірінде „Алматы аймақтық қаржылық орталығы“ АҚ және KASE маркетингтік күш салуды үйлестіру мақсатында Жобалық топ (бұдан әрі – ЖБ) құрылды.

2011 жылдың мамырында және маусымында бірнеше ЖБ кездесулері өткізіліп, қорытындысы бойынша „Алматы аймақтық қаржылық орталығы“ АҚ және „Қазақстан қор биржасы“ АҚ біріккен маркетингтік іс-шаралар жоспары әзірленіп, қабылданды. Аталған жоспарға жаңа инвесторлардың қор нарығына және жаңа листингтік

компанияларға тарту бойынша іс-шаралар енді.

Екінші жартыжылдың ағымынды брокерлік-дилерлік ұйымдардың, шетел инвестициялық банктер, инвестициялық компаниялар өкілдеріне, кастодиондарға, эмитенттерге, қаржылық консультанттарға, сондай-ақ, жергілікті жеке инвесторларға сұрақ қойылды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жеке және шетел инвесторларының, сондай-ақ, жаңа листингтік компаниялардың қазақстандық нарық қорына шығуына кедергі болатын себептер анықталды.

Осылай қалыптасқан „нарық қоры проблемаларының картасы“ 2012 жылғы Биржаның негізгі жұмыстары жоспары негізіне кірді.

2011 жылдың қыркүйегінде KASE қызметінің маңызды оқу бағытын құрайтын ОСЖ (Оқу сауда-саттық жүйесі) көрсететін Биржаның жаңа оқу сауда-саттық жүйесі пайдаланымға енгізілді.

ОСЖ – бұл Биржамен және Бизнесі және Стратегияны дамыту институтымен ұйымдастырылатын көпшілік және көпшілікке таратылатын ойындарды жүргізу кезінде KASE техникалық базаның тұрақты жұмыс істейтін оқу сауда сервері ретінде пайдаланатын Биржаның СЖЖ күші бар арнайы оқытатын нұсқасы. ОҚС пайдаланушыларды мәлімдемелерді беруге және қандай да бір шынайы міндеттемелердің пайда болуына

соқтырмайтын мәмілелерде жасауға мүмкіндік болады.

ОҚС-ғы сауда сағат 9.00-ден 10.00 ALT дейінгі үзілістен басқа уақытта тәулік бойы ашық болады. Оқу және уақытты тиімді пайдалану үшін барлық құралдардың өтімділігін пайдаланушылар үшін ОҚС жұмыспен жоғары деңгейде қолдау көрсетеді.

ОҚС алғаш рет „Invest-funds EXPO Алматы-2011. Қаржылар мен несие“ көрмесі аясында көпшілікке таныстырылды.

Оқу сауда-саттық жүйесін алып жүру мақсатында edu.kase.kz. арнайы интернет-порталы әзірленіп, қызмет етуде.

Биржалық ақпаратты ілгерілету

2011 жылы мемлекеттік тілде Биржа сайтының нұсқасы іске кірістірілді. Бұл елдің қор нарығының жұмыстар туралы ақпараттарды елге таратудағы маңызды толықтыру. Қазіргі уақытта листингтік компаниялар мен Биржа мүшелері туралы ақпараттарды қоса есептегенде KASE сайтының барлық бөлімдерінде жаңалықтар, қаржылық құралдар, оларды сату барысы мен нәтижелері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланған Интернет желісіне жетімді KASE нормативтік базалары туралы ақпараттар көрсетілген. Сайттың барлық тілдердегі жаңартулары шынайы уақыт режимінде орындалады.

Биржаның 2011 жылғы биржалық ақпаратты коммерциялық ілгерілету деректерді жеткізу процесстерін сенімді көтерумен топталған. KASE мамандарымен Биржаның ақпараттық серіктестеріне деректерді жеткізу және KASE

мүшелерінің саудаға қатысуға қашықтан кіру үшін пайдаланылатын ақпараттық FIX-шлюз жұмыс қабілеттілігі мониторингісі жүйесін пайдалану әзірленіп, енгізілді. Әзірленген жүйе байланыстар мен серверлер, берілетін тарифтер көлемдер жағдайында үздіксіз мониторингтерді жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, анықталған бұзылулар туралы хабарлайтын модулі бар. Аталған жүйені енгізу биржалық FIX-шлюздің сенімділік деңгейін түбегейлі көтеруге және бұзылыстарды табу және жою уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Есептік жылы биржалық ақпараттың таралу тәртібін реттейтін KASE нормативтік базасы толықтай жаңартылды. Сәуір айында Биржалық кеңеспен KASE жаңа ішкі құжаттары бекітілді. „Қазақстан қор биржасының“ АҚ ақпараттық саясатының негізгі ережесінде – Биржаның ақпараттық саясатын жүзеге

асырудың негізін қалайтын принциптер мен тәртіптер анықталды. Атап айтқанда, ішкі коммуникациялар, басқа ұйымдармен ақпараттық өзара әрекеттер, БАҚ, оның ішінде, нарық қорының оқиғаларын түсіндіру, үшінші тұлғалардың Биржа брендин пайдалану тәртіптері реттелді.

Сәуір айында Биржа кеңесі биржалық ақпараттардың топтастыруы маңызды етілген және реттелген, биржалық ақпараттардың әр түрлерін таратудың негізгі және қосымша тәсілдері анықталған, одан да маңызды биржалық ақпараттар үшін Биржаның әртүрлі жарияланымдарының алшақтығы туындағанда пайдаланылуы қажет басымдық көздері анықталған, биржалық ақпараттардың тарауы кезінде KASE жауапкершілігін шектеу бойынша нормалар толықтырылған жаңа редакцияда биржалық ақпараттарды тарату ережесін бекітті.

Биржалық ақпараттарды тарату ережесінің жаңа редакциясына сөйкес басқарма құзіретіне KASE ақпараттық өнімдерін тізбесін, олардың құрамын, форматтарын, жасалған шығарылған затта сипаттайтын құжаттарды және оларды беру шарттарын анықтау бойынша функциялар жатқызылды. Осыған байланысты жаңа ішкі құжат – Биржалық ақпараттарды коммерциялық ұсынудың шарттары туралы ереже әзірленді. Аталған ережеде Биржамен таратылатын және болжанатын ақпараттық өнімдердің толық сипаттамасы бар.

2011 жылы Биржа коммерциялық негізде нақты уақыт тәртібінде сауда туралы ақпараттарды берді. Аталған ақпараттың жеткізілуі ақырғы пайдаланушыларға арналған KASE сайтының арнайы бөлімі және ақпараттық агенттіктерге арналған FIX-хаттамалар арқылы орындалды. Сол уақытта жаңа ақпараттық өнімдерді

– сауда қорытындылары туралы ақпараттарды мұрағаттық сауда ақпараттарды құру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен аталған ережеге жеткізу және төлеу шарттарын егжей-тегжейлі ашу және сипаттауды қоса есептегенде ақпараттық өнімдердің төрт түрі кірді.

Қазіргі уақытта KASE-тің барлық нысандандырылған ақпараттық өнімдерін ілгерілету бойынша маркетингтік жұмыстар жүргізілуде.

Әлемдік стандарттарға сауда және сатылатын құралдар

туралы ақпараттарды келтіру бойынша жұмыстар аясында Биржа оларды баға белгілеу жүйесінің әлемдік практикасына қабылдауды және KASE-ке қолдану мүмкіндігін үйренді. Bloomberg серіктестігімен осы жұмыстар нәтижесінде Биржа сайтының бағалы қағаздар беттерінде осы агенттіктің кодтарын жариялау ұйымдастырылды, Thomson Reuters агенттігімен олардың кодтарын сондай жариялауды ұйымдастыру туралы келісімдерге қол жеткізілді. Сонымен бірге, CFI¹² кодтарымен бағалы

қағаздарды шығару бойынша листингтік компаниялардың ұсыныстары жазылып шығарылды.

KASE қызметінің осы бағытын әрі қарай дамыту мақсатында есептік жылдың қараша айында FISC ұсынылатын стандарттардың биржалық ақпараттар кезінде Ендіру бағдарламасы бекітілді. Аталған бағдарлама шығармашылық, маркетингтік және техникалық іс-шаралардың нормаларын болжайды. Бұл істердің орындалуын Биржа 2012 жылы өткізуді жоспарлар отыр.

KASE-тің сайты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейді

KASE ақпараттық өнімдер желісін кеңейтті

Жеке офистік ауданды сатып алу

КASE құрылғалы бері алғаш рет 2011 жылы жеке офистік жайды сатып алды.

Ғиматтарды таңдау, мәлімдемелер және басқа дайындық жұмыстар шарттары талқылау Биржа кеңесі мүшелері және Биржа

қызметкерлері санынан құралған арнайы құрылған Жұмыс тобымен орындалды. Есептік жылдың 24 маусымында KASE Биржа кеңесі „Алматы Тауэрс“ көпқызметті кешенінде офистік жайын сатып алу туралы шешім қабылдады.

Қажетті нысандылықты орындағаннан кейін 2011 жылдың күзінде өзінің 18 жылдығына қарсы KASE жеке жайында жұмысын бастады. Қазіргі уақытта Биржа 3 мың м² асатын ауданмен қазіргі бизнес-орталықта орналастырылған.



„Алматы Тауэрс“, Биіктігі: 100 м, 25 қабат. Мекен-жайы: Алматы қ., Байзақов к-сі., 280 (солтүстік мұнара, суретте – сол жағында)

Алдағы 5 жыл ішінде KASE-ке офистік жайды сатып алудан түсер үнем 250 млн теңгеден асады


¹² Құралдардың түрін сөйкестендіруге мүмкіндік беретін ISO стандарты бойынша қаржылық құралдардың бірегей емес кодтар жүйесі және олардың негізгі сипаттамалары

Халықаралық қызмет туралы есеп

Есептік жылдың негізгі оқиғасы – Алматы қ. 17-ші FEAS жыл сайынғы Бас ассамблеясы және ЭҚДҰ Еуразия тобының қор нарығындағы дамудың корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі алғашқы отырысы

FEAS 17-ші Бас ассамблеясы

Қыркүйек 26–29



Стамбул қор биржасымен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою (Қадыржан Қабдөшұлы Дамитов және Хусейн Әркан мырза, Стамбул қор биржасының Президенті)

Қазақстандық үш әмитенттің акциялары Dow Jones FEAS Titans 50 қоржынына салынды

Есептік жылы Биржа халықаралық қызметімен байланысты оқиғаларға қанық болды. Олардың ішінде негізгісі Алматы қаласында 26–29 қыркүйек аралығында KASE ұйымдық қолдауымен өткізілген 17-ші FEAS Жыл сайынғы Бас ассамблеясы болды. Аталған іс-шараны Алматыда өткізу туралы шешім KASE Президенті атынан К.К. Дамитов FEAS Орындаушы комитетінің мүшесі болған кезде 2010 жылдың желтоқсанында өткізілді.

Ассамблея аясында қазақстандық нарық қоры қатысушылары FEAS мүшелері болып табылатын қор биржалары қызметімен танысқан маркетингтік көрме ұйымдастырылды.

FEAS Ассамблеясымен ілеспелі түрде органдардың және әлемнің әр елдерінің биржа басшылары қатысқан қор нарығын дамытуда бірлескен басқарма мәселелері бойынша ЭҚДҰ (Экономикалық қызмет және даму ұйымы) бірінші Еуропалық тобы

мәжілісі ұйымдастырылды. Еуропалық топтың мақсаты – қызметтестік және тәжірибе алмасу үшін платформаны қамтамасыз етумен, Еуразия аймақтарында қор нарығын дамытуды ынталандыруға арналған принциптер мен институционалдық реформаларды ілгерілетумен қорытындыланады.

FEAS Бас ассамблеясын жүргізу кезінде KASE және Стамбул қор биржасы арасында ұзақмерзімді және

өзара тиімді қызметтестік үшін негіз салу мақсатында Өзара түсінік туралы меморандумға қол қойылды. Стамбул биржа қоры Бүкіләлемдік биржа федерациясы (WFE) KASE еруге болысуға ниетті.

Технология, жаңа өнімдерді шығару және ақпараттарды тарату бойынша Қызметтестік туралы меморандумға, сондай-ақ Тегеран қор биржасымен де қол қойылды.

2011 жылдың 24 тамызында Корей қор биржасы делегациялары Қазақстанға келген кезде KASE пен KRX арасында Қазақстанның қор нарығын дамыту мәселесі бойынша Өзара қызметтестік туралы меморандумға қол қойылды. Аталған меморандум Қазақстанның бағалы қағаздары нарығында ағымдағы жағдайларды зерттеуге бағытталған біріккен жобаға және оны дамыту бойынша нақты ұсыныстардың кейінгі әзірлемелеріне бастау болды. Аталған жобаның басым бағыттары мыналар болып табылды:



Тегеран қор биржасымен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою (оң жағында Тегеран қор биржасының Президенті д-р Хассан Галибаф Асл)



FEAS бас ассамблеясына қатысушылар



FEAS жұмыс комитетінің отырысы

- Т+3 сызбасы бойынша есептесулер (оның ішінде қашықтан мүшелік мәселелері);
- ақпараттық технологиялар (сауда-саттық жүйесін жаңалау);
- реттегіш ережелер мен нарықты қадағалау тәжірибесі.

2011 жылдың қазанында Жобаның мазмұны және жұмыс тобының құрамы анықталды. Сол жылдың желтоқсанында KRX мүшелері Қазақстандағы қор нарығының ағымдағы жағдайына талдау жүргізу үшін (нормативтік базалар және операциялық

қызметтер тұрғысынан) KASE келді. Екі жақты талқылаудың нәтижесінде Жобаны жүзеге асыру этаптары мен мерзімдері анықталды. Биржа Жоба бойынша ақырғы (финалдық) есеп 2012 жылдың мамыр айында беріледі деп күтілуде.

2011 жылдың 30 қарашасында индекстердің жетекші өлемдік жабдықтаушылары Dow Jones Indexes және FEAS еуроазиялық қор биржаларында бағаланатын және Dow Jones FEAS Titans 50 теңөлшенген индексті „көгілдір текшелердің“ бірінші индексіне іске қосты. Аталған

индексте Қазақстан Республикасын 2011 жылдың тамыз айының басында индекс кәрзеңкесіндегі салмағы 2,07%, 1,85% және 1,91% тиісінше құраған „Қазақстанның Халық жинақ банкі“ АҚ, „Қазкоммерцбанк“ АҚ және „Қазмұнайгаз“ өндірісті барлау АҚ ұсынды. Индекс тең өлшемді болғандықтан әр акцияның салмағы екі процентпен, жалпы индекстегі қазақстандық компаниялар акцияларының үлесі шамамен 6% құрады. Аталған акциялар KASE индексінің өкілдік тізіміне, сондай-ақ, Dow Jones

FEAS Benchmark және S&P Kazakhstan BMI өкілдік тізіміне кіреді.

2011 жылдың желтоқсанында KASE Standard & Poor's Financial Services LLC („S&P“) және әлем биржалары – Ислам Қызметтестігі Ұйымдары мүшелері арасындағы келісімге қосылды. Келісім аясында S&P Ислам Қызметтестігі Ұйымдары құрамына кіретін елдің биржа нарығында сатылатын 50 өтімді акциялардан („S&P индексі“) нақты уақыт төртінде индексті есептеуге, лицензиялауға және таратуға ниетті.



FEAS атқарушы комитетінің отырысы

Бірлескен дамудың негізгі мәселелері туралы есеп

Дамуды жоспарлау

KASE-тің жаңа стратегиясы – сатылатын биржа құралдарының өтімділігін арттыру мөлшерлемесі

Жоғарыда аталған дай есептік жыл – Биржа кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуымен әзірленген KASE Жаңа стратегиясының бірінші жылы. 2011 жылдың 24 ақпанында Биржа кеңесімен бекітілген жаңа стратегия 2011–2013 жылдарға Биржа дамуының негізгі бағытын анықтайды және Биржа шешуге ниетті міндеттер тізбесін белгілейді. Аталған құжаттарға сәйкес 2014 жылға Биржа саудаларды ұйымдастырудың халықаралық стандарттарына, отандық және шетел инвесторлары, эмитенттер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін бәсекеге қабілетті және тартымды болуға, ұлттық экономика қорын толтыру үшін тиімді сауда алаңы болуға жауап беретін қаржылық құралдардың ұлттық нарығының қазіргі инфрақұрылымдық институты болуы тиіс.

Стратегияны жүзеге асыру үшін KASE қызметкерлерімен есептік жылы KASE бөлімшесі қызметін

регламенттейтін басты құжат болып табылатын 2011 жылға негізгі жұмыстар жоспарының құрылуы негізінде 2001 жылдың 24 ақпанында Биржа кеңесімен бекітілген үш жылдық стратегиялық жоспар әзірленді. Бұл жоспар 2011 жылдың 31 наурызында Биржалық кеңеспен бекітілді. Осы жоспарды орындау туралы ақпарат 2012 жылдың 31 қаңтарында мәлімдемеге ескертусіз Биржалық кеңеспен қабылданды.

Ішкі аудит

2011 жылға Ішкі аудит қызметі жұмыстары жоспарын жүзеге асыру аясында аталған қызмет күшін ішкі бақылау жүйесін дамытуға және нығайтуға салды. Есептік жылы ішкі аудит қызметі KASE қызметінің барлық негізгі аспектілерін қамтыған 15 тексеріс өткізді. Ерекше мән қауіп дәрежесі жоғары салаларға бөлінді. Сонымен қатар қызмет Қазақстанның күші бар заңдарын талаптарын және

бойынша іс-шаралар қатары әзірленді. Атап айтқанда, 2011 жылдың наурызында Биржа қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. 2011 жылдың шілдесінде Тәуекелдерді басқару қызметі BS 25999 британ стандарттарына сәйкес аталған жұмыс тобы мүшелеріне қызметтердің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды құру әдістемесін үйретуді ұйымдастырды.

Бұдан басқа 2011 жылы Қаскелең қаласында (Алматы облысы) Биржаның қашықтағы резервтік орта-

Тәуекелдерді басқару қызметімен (ТБҚ) әзірленген „Қазақстан қор биржасы“ АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару саясаты“ ішкі құжаты бекітілді. Құжат Қазақстанның ұлттық банкінің Қаржылық қадағалау комитетімен келісілгеннен кейін 2011 жылдың 01 қыркүйегінде іске кірістірілді.

Тексеру (мониторинг) процедураларын реттемелеу, Биржа қызметінде пайда болатын тәуекелді оқиғаларды анықтау және бағалау мақсатында Тәуекелді оқиғаларды сәйкестендіру, бағалау, мониторинг өткізу және елеу ережесі бекітілді.

Есептік жыл ағымында Тәуекелдерді басқару қызметі басқа бөлімшелермен бірге 2011 жылғы 02 желтоқсанда KASE Басқарма шешімімен бекітілген келесі ішкі құжаттарды дайындады.

- „Қазақстан қор биржасы“ АҚ қызметінің үздіксіздігін және қалыптасуын қамтамасыз ететін ереже;
- „Қазақстан қор биржасы“ АҚ Төтенше жағдайларды елеу жоспары;
- „Қазақстан қор биржасы“ АҚ Дағдарыстық басқару жоспары;
- „Қазақстан қор биржасы“ АҚ қызметін қалыптастыру жоспары.

Барлық есептік жыл ағымында басталған тәуекелді оқиғалар туралы KASE бөлімшесінің барлығынан ақпараттар жиналды, оның нәтижесі бойынша тәуекелді оқиғалардың басталуы салдары мен жиілігін азайту бойынша іс-шаралар қабылданған жедел және тұрақты есеп құрылды. Тәуекелді оқиғалар туралы тоқсандық есеп Биржалық кеңестің мүшелеріне талқылануға шығарылды.

Тәуекелдерді басқару

Есептік жылы биржа Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды. 2011 жылдың 31 мамырында Биржа кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша жетілдірілген халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген жаңа редакциядағы „Қазақстан қор биржасы“ АҚ тәуекелдерін

басқару бойынша Саясатты бекітті.

Есептік жыл ағымында KASE қызметінің WFE толық мүшелікті алу үшін қаралған критерияларға сәйкестігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылды. Осы міндеттерді орындау аясында өз қызметінің үздіксіздігін ұйымдастыру

лығын орналастыру жалғастырылып, 2011 жылы компьютерлік жабдықтарды орналастыруға арналған инфрақұрылым толығымен құрылды, деректерді берудің барлық арналары жеткізіліп, сынақтан өткізілді. Орталық жартылай серверлік жабдықтармен және компьютерлік техникалармен жабдықталды.

2011 жылғы 30 маусымда Биржа кеңесінің шешімімен

Глоссарий

ALT	Алматы уақыты (GMT + 06:00)	SPT	мәміле жасалған күннен кейін екінші күні мәмілені орындау кезінде есептерді жүзеге асыру шарты (ағылшынның „spot“ сөзінен)
DMA	direct market access – екінші деңгейдегі сауда-саттыққа қатысушыларына немесе Биржа мүшелерінің клиенттеріне арналған саудалық жүйеге тікелей қолжеткізу	T+0	TOD қараңыз
eTrade	„eTrade“ ЖШС – Биржаның еншілес ұйымы	T+1	TOM қараңыз
EUR	еуро	T+2	SPT қара
FEAS	The Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуроазиаттық биржалардың федерациясы)	T+3	мәміле жасалған күннен кейін үшінші күні мәмілені орындау кезінде есептерді жүзеге асыру шарты
FISD	Financial Information Services Division – бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттар индустрия қауымдастығына кіретін қаржылық-ақпараттық қызметтер бөлімшесі (Software and Information Industry Association – SIIA)	T+n	мәміле жасалған күннен кейін n жұмыс күні орындау кезінде есептерді жүзеге асыру шарты
FIX	financial information exchange – қаржылық ақпараттарды алмастырудың халықаралық стандарты болып табылатын деректерді беру хаттамасы	TOD	мәміле жасалған күні мәмілені орындау кезінде есептерді жүзеге асыру шарты (ағылшынның „today“ сөзінен)
IPO	алғашқы жариялық орналастыру (ағылшынның „initial public offering“ сөзінен)	TOM	мәміле жасалған күннен кейінгі күні мәмілені орындау кезінде есептерді жүзеге асыру шарты (ағылшынның „tomorrow“ сөзінен)
ISIN	бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ағылшынның „international securities identification number“ сөзінен)	TONIA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында бір күн мерзіммен репо операциясын ашу мәмілелері бойынша орта өлшенген пайыздық мөлшерлеме
KASE	„Қазақстан қор биржасы“ АҚ	TWINA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматтық репо нарығында жеті күн мерзіммен репо операциясын ашу мәмілелері бойынша орта өлшенген пайыздық мөлшерлеме
KASE индексі	KASE акциялары нарығының индексі	USD	АҚШ доллары
KASE тобы	„Қазақстан қор биржасы“ АҚ және оның еншілес ұйымдары „ИРБИС“ Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі, ЖШС және „eTrade.kz“ ЖШС	WFE	The World Federation of Exchanges (Бүкіләлемдік биржа федерациясы)
KASE_BY	% жылдық бірлескен облигациялар кірісінің индексі	ААҚО	Алматы қаласының Аймақтық қаржылық орталығы
KazPrime	Қазақстан үшін тиімді несиелік сападағы банктермен мәлімделген депозиттерге ақша салу мөлшерлемесінің орташа мәні	АЕК	тиісті жылдарға мәнісі „Республикалық бюджет туралы“ Қазақстан Республикасының заңымен белгіленетін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және басқа өлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ, айып санкцияларын қолдануға, салықтар мен басқа төлемдерге арналған айлық есептік көрсеткіш
KIBID	Қазақстандағы банкаралық депозиттерге тартудың индикативтік мөлшерлемелердің орташа мәні	АҚ	акционерлік қоғам
KIBOR	Қазақстандағы банкаралық депозиттерге тартудың индикативтік мөлшерлемелердің орташа мәні	АҚШ	Америка Құрама Штаты
KIMEAN	KIBOR және KIBID арасындағы орташа мәні	АМП	акциялардың мемлекеттік пакеті
KZT	Қазақстан теңгесі	БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ROA	активтердің тиімділік көрсеткіші (ағылшынның „return on assets“ сөзінен)	Биржа	„Қазақстан қор биржасы“ АҚ
ROE	жеке капиталдың тиімділік көрсеткіші (ағылшынның „return on equity“ сөзінен)	БҚ	Бағалы қағаздар
RUB	ресей рублі	ЕДБ	екінші деңгейдегі банк (банктер)
SPO	екінші жариялық орналастыру (ағылшынның „secondary public offering“ сөзінен)	ЕҰ	еншілес ұйымы

ЖАИҚ	жылжымайтын мүліктің акционерлік инвестициялық қоры	МЕУКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттері (айналыста болу мерзімін қоса есептегенде бес жылдан жоғары) аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)
ЖІӨ	Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімі (басқасы көрсетілмесе)		
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік		
ЗЖҚ	зейнетақы жинақ қоры (Зейнетақы жинақ қорлары)	млн	миллион
		млрд	миллиард
ИРБИС	„ИРБИС“ Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі, ЖШС – биржаның еншілес ұйымы	МУИКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақмерзімді индекстелген қазынашылық міндеттері (сұрау мерзімін қоса есептегенде бес жылдан жоғары) (аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі		
Қаржы Министрлігі	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	НҚА	нормативтік құқықтық акт
ҚБЕО КО	Қазақстан Банкаралық Есептесулер Орталығының Куәлендіретін Орталығы	Орталық депозитарий	„Орталық бағалы қағаздар депозитарийі“ АҚ
ҚҚҚ	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы	ОСЖ	Биржаның оң сауда-саттық жүйесі
ҚҰБ ҚБК	Қазақстан Республикасының ұлттық Банкінің қаржылық бақылау комитеті	с/к	салыстыруға келмеу себебіне байланысты деректер келтірілмейді
МАОКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік арнайы орташа мерзімді қазынашылық міндеттері (екі және үш жыл мерзімімен) (аббревиатура бағалы қағаздардың қазақ тіліндегі атауы)	с/т	құрал саудаға түспеді немесе операциялар орындалмады
маркет-мейкер	сондай биржа ретінде мойындалған және тұрақты жариялауды және белгілі типтегі бағалы қағаздар бойынша екіжақты бағалауды қолдайтын міндетті өзіне алған Биржа мүшесі	Сауда жүйесі	Қазақстан қор биржасының сауда-саттық жүйесі
		СЖ	Қазақстан қор биржасының сауда-саттық жүйесі
		сур.	сурет
МБҚ	Қазақстан Республикасының мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары (басқаша көрсетілмесе)	ТБҚ	Тәуекелдерді басқару қызметі
		Тәуекелдерді азайту туралы заң	28 тамыз 2009 жылғы №192-IV „Заңсыз жолдармен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы әрекеттер және қаржылық терроризм бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы“ Қазақстан Республикасының заңы
МЕБҚ	Мемлекеттік емес бағалы қағаздар		
МЕКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттері (аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)		
МЕККАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттері (сұрау мерзімін қоса есептегенде бір жылға дейін) аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)	ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
		трлн	триллион
		ҰАҚ	Ұлттық аумақтылық қоры
		Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
МЕОКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттері (сұрау мерзімін қоса есептегенде бір жылдан жоғары бес жылға дейін) аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)	ҰСН	Қазақстан Республикасының заңына сәйкес берілген бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірі
		ХҚҰ	Халықаралық қаржы ұйымы (Халақаралық қаржы ұйымдары)
МЕУЖКАМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттері (сұрау мерзімін қоса есептегенде бес жылдан жоғары) аббревиатура қазақ тіліндегі бағалы қағаздардың атауы)	ШМБҚ	шетел мемлекеттік бағалы қағаздары
		ЭҚДҰ	Экономикалық қызметтестік және даму жөніндегі ұйым, халықаралық экономикалық ұйы



2011